



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАР

Сапа мен біліктілікке қойылатын талаптар

ЛАБОРАТОРИИ МЕДИЦИНСКИЕ

Требования к качеству и компетентности

ҚР СТ ISO 15189-2015

(ISO 15189:2012 «Medical laboratories – Requirements for quality and competence», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАР

Сапа мен біліктілікке қойылатын талаптар

ҚР СТ ISO 15189-2015

(ISO 15189:2012 «Medical laboratories – Requirements for quality and competence», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

**1 «Ұлттық аккредиттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ӘЗІРЛЕДІ**

**2 Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2015 жылдың 28
қыркүйектегі №192-од бұйрығымен БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛСІН.**

**3 Осы стандарт ISO 15189:2012 «Medical laboratories – Requirements for
quality and competence» (Медициналық зертханалар. Сапа және біліктілікке
қойылатын талаптар) халықаралық стандартымен парапар.**

Халықаралық стандартты ISO/TC 212 «Клиникалық зертханалық
сынақтар және зертханалық диагностикалық зерттеу жүйелері» техникалық
комитеті әзірледі.

Ағылшын тілінен аударма (en).

Осы стандарт негізделе отырып жасалған және оған сілтемелер берілген
халықаралық стандарттың ресми данасы Техникалық құжаттардың бірыңғай
мемлекеттік қорында бар.

«Нормативті сілтемелер» бөлімінде және стандарттың мәтінінде
сілтемелік халықаралық стандарттар жандандырылған.

Стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі
туралы мәліметтер қосымша В.А. қосымшасында берілген.

Сәйкесу дәрежесі - бірдей (IDT).

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2020 жыл
5 жыл**

5 ҚР СТ ИСО 15189-2008 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау
жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жыл сайын, сондай-
ақ мәтін өзгерістер мен түзетулер ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар»
ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (өзгертілу)
жою жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар»
ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі».*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде
толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

Кіріспе	IV
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Менеджментке қойылатын талаптар	7
4.1 Ұйым және басшылықтың жауапкершілігі	7
4.2 Сапа менеджменті жүйесі	11
4.3 Жазбаларды басқару	12
4.4 Қызмет көрсету туралы келісім-шарттар	14
4.5 Көмекші (қосалқы мердігер) зертханалардағы зерттеулер	15
4.6 Сыртқы қызметтер және жеткізулер	16
4.7 Ақыл-кеңес қызметтері	16
4.8 Шағымдарды (наразылықтарды) қарастыру	17
4.9 Сәйкессіздіктерді сәйкестендіру және бақылау	17
4.10 Түзетуші әрекеттер	17
4.11 Алдын алушы әрекеттер	18
4.12 Үнемі жақсарту	19
4.13 Жазбаларды басқару	19
4.14 Бағалау және аудит	21
4.15 Басшылық тарапынан талдау	23
5 Техникалық талаптар	25
5.1 Қызметкерлер	25
5.2 Үй-жай мен қоршаған орта шарттары	27
5.3 Зертханалық жабдық, реагенттер мен шығын материалдары	29
5.4 Сараптама алдындағы рәсімдер	33
5.5 Сараптамалық үрдістер	38
5.6 Зерттеулердің нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету	41
5.7 Сараптаудан кейінгі рәсімдер	44
5.8 Нәтижелер туралы есеп	45
5.9 Нәтижелерді беру	46
5.10 Зертханалық ақпаратты басқару	48
А (ақпараттық) қосымшасы. ISO 9001:2008 және ISO/IEC 17025:2005 арасындағы сәйкестік	50
Б (ақпараттық) қосымшасы. ISO 15189:2007 және ISO 15189:2012 салыстыру	55
Библиография	60
В.А (ақпараттық) қосымшасы. Стандарттардың сілтемелік халықаралық, аймақтық стандарттарға, шет мемлекеттердің стандарттарына сәйкестігі туралы мәліметтер	68

ISO/IEC 17025 және ISO 9001 нормативті ережелерін қамтитын осы стандарт медициналық зертханаларға сай болуы керек біліктілік пен сапаға қойылатын талаптарды қамтиды.

Ескертпе – Өзгеше айтқанда, бұл зертханалар ағылшын тілінде эквивалентті «клиникалық зертханалар» сөзімен сипаттала алады.

Медициналық зертханалардың қызметтері пациенттерге қызмет көрсетуге үлкен маңызға ие және сондықтан пациенттердің және пациенттерге медициналық көмек көрсетуге жауапты клиникалық қызметкерлердің талаптарын қанағаттандыруы керек. Мұндай қызметтер қажетті материалдарды беру, пациенттерді зерттеулер жүргізуге дайындау, пациенттерді сәйкестендіру және олардан сынамалар алу, қауіпсіздік талаптарын және медициналық зертханалық қызметтің этикасын сақтай отырып, медициналық үлгілерді тасымалдау, сақтау, өңдеу және зерттеу, соңынан растау, түсіндіру, зерттеу нәтижелерін хабарлау және олар бойынша ақыл-кеңес беруді қамтиды. Медициналық зертханалық қызметтер пациенттерді ақыл-кеңес беру кезінде зерттеуді қамтығаны дұрыс және зертханалардың тек диагностикаға ғана емес, пациенттерді емдеуге, сондай-ақ аурулардың алдын алуға ұлттық, аймақтық және тұрғылықты нормативті актісене сай қолданылуы жөн. Әрбір зертхана жұмыс істейтін қызметкерлерге білім алуға және ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беруі керек. Осы стандарт зертханалық медицинаның бұл күндегі жалпылай қабылданған барлық пәндерінде қолдануға арналғандықтан, басқа қызметтер мен пәндердің жұмысшылары оны сондай-ақ қолдана алады және басшылыққа ала алады. Медициналық зертханалардың құзыреттігін бағалауға уәкілетті органдар осы стандартты өз қызметінің негізі ретінде пайдалана алады.

Аккредиттеуге (немесе сертификаттауға) дайындайтын зертханалар осы стандартқа сәйкес қызмет ететін және медициналық зертханаларға қойылатын айрықша талаптарды ескеретін аккредиттеу (немесе сертификаттау) органына жүгінгені дұрыс.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАР

Сапа мен біліктілікке қойылатын талаптар

Енгізілген күні 2016-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт медициналық зертханалардың сапасы мен құзыреттігіне қойылатын айрықша талаптарды белгілейді.

Осы стандартты медициналық зертханалар өзінің сапа жүйесін дамыту және өзінің құзыреттігін бағалау үшін пайдалана алады. Стандартты сондай-ақ медициналық зертхана қызметін растау немесе мақұлдау үшін уәкілетті мемлекеттік органдар және аккредиттеу жөніндегі органдар қолдана алады.

Ескертпе – Халықаралық, ұлттық және аймақтық нормативтік ережелер мен талаптар осы стандартпен реттелетін белгілі бір аспектілерге қатар қолданыла алады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Көрсетілген күні бар сілтемелер үшін тек көрсетілген басылым қолданылады. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін барлық өзгертулері мен толықтырмалары бар соңғы басылым қолданылады.

ISO/IEC 17000:2004 Conformity assessment. Vocabulary and general principles (Сәйкестікті бағалау. Сөздік және жалпы қағидаттар).

ISO/IEC 17025:2005 General requirements for the competence of testing and calibration laboratories (Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттігіне қойылатын жалпы талаптар).

ISO/IEC Guide 2:2004 Standardization and related activities – General vocabulary (Стандарттау және сабақтас қызмет түрлері. Жалпы сөздік).

ISO/IEC Guide 99:2007 International vocabulary of metrology. Basic and general concepts and associated terms (VIM) Метрология бойынша халықаралық сөздік. Негізгі және жалпы түсініктер және тиісті терминдер (VIM).

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ISO/IEC 17000, ISO/IEC Guide 2 және ISO/IEC Guide 99 бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкес анықтамалары мен мынадай терминдер қолданылды:

3.1 Аккредиттеу (accreditation): аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берушінің белгілі бір салада сәйкестікті бағалау жұмыстарын орындау құзыретін ресми танитын рәсім.

3.2 Сыни аралық (critical interval/alert interval): пациенттің өмірі мен денсаулығына төнген қауіпті көрсететін сыни тесттер үшін зерттеу қорытындыларының аралығы.

Ескертпелер

1 Тек шегі белгіленген жағдайда аралық ашық бола алады.

2 Зертхана өз пациенттері мен қолданушыларына сыни тесттердің тізімін анықтайды.

3.3 Автоматтандырылған тандау және нәтижелерді беру (automated selection and reporting of results): Пациентті зертханалық зерттеудің нәтижелері зертхананың ақпараттық жүйесіне берілетін және зертханалық ұйғарындылық критерийлерімен салыстырылатын рәсім. Егер нәтижелер ұйғарындылық критерийлеріне сәйкес келсе, олар қызметкерлердің қосымша тексеруінсіз автоматты түрде зерттеу нәтижелері туралы есеп бланкісіне енгізіледі.

3.4 Биологиялық референттік аралық (biological reference interval): Биологиялық референттік популяцияда алынған бастапқы мәндерді таратудың белгіленген аралығы.

Мысалы – болжалды сау ересек ерлер және әйелдер популяциясынан алынған сарысудағы натрий ионы шоғырлануының мәніне арналған орталық 95%-дық биологиялық референттік аралық 135 моль/л-ден 145 моль/л-ге дейінгі аралықты құрайды.

Ескертпелер

1 Референттік аралықты әдетте орталық 95%-дық аралық ретінде анықтайды. Референттік аралықтың басқа өлшемі немесе ассиметриялық оқшаулауы (ассиметриялық орналастыру) белгілі бір жағдайларға сәйкес бола алады.

2 Референттік аралық бастапқы үлгінің типіне және қолданылған зерттеу рәсіміне байланысты бола алады.

3 Кейбір жағдайларда тек бір биологиялық референттік аралық маңызды, мысалы, жоғарғы х шегі, осылайша тиісті биологиялық референттік аралық х-тен кем немесе х-ке тең бола алады.

4 «Қалыпты аралық», «қалыпты мәндер» және «клиникалық аралық» сияқты терминдер анықталмаған болып табылады және сондықтан қолдануға ұсынылмайды.

3.5 Құзыреттік (competence): Білім мен дағдыларды қолданудың көрсетілетін қабілеті

Ескертпе – Осы стандартта құзыреттік термині жалпы мағынасында қолданылады. Басқа ISO стандарттары бұл терминді бұдан гөрі ерекше мәнінде қолдана алады.

[[5] 3.1.6 анықтама]

3.6 Құжаттамалық рәсім (documented procedure): Қызмет немесе үдерісті жүзеге асырудың бекітілген тәсілі, құжаттық ресімделген, енгізілген және орындалу үстінде.

Ескертпелер - Құжаттық рәсімге қойылатын талаптар бір немесе бірнеше құжатта баяндалған бола алады.

[[5] 3.4.5 анықтама]

3.7 Зерттеу (examination): Нысаны қасиеттер мәні немесе сипаттамаларын анықтау болып табылатын операциялар кешені.

Ескертпелер

1 Кейбір пәндерде (мысалы микробиологияда) зерттеулер – бұл сынаулар, бақылаулар немесе өлшеулер жиынтығы.

2 Заттың мөлшерін анықтайтын зертханалық зерттеулер мөлшерлік деп аталады, қасиеттердің сипаттамаларын анықтайтын зерттеулер сапалық деп аталады.

3 Зертханалық зерттеулерді жиі талдаулар немесе тесттер деп атайды.

3.8 Зертханааралық салыстырмалы зерттеулер (interlaboratory comparison): бір немесе бірнеше ұқсас үлгілерді өлшеуді немесе сынауды екі не одан көп зертханалар алдын ала бекітілген шарттарға сәйкес ұйымдастыруы, орындауы және бағалауы.

[[10] 3.4 анықтама]

3.9 Зертхана директоры (меңгерушісі) (laboratory director): Зертхана үшін жауапты және оны басқаруды жүзеге асыратын құзыретті тұлға (тұлғалар).

Ескертпелер

1 Осы стандарттың мақсаттары үшін – тұлға немесе тұлғалар (ұжымдық басқару органы), зертхана директоры (меңгерушісі) ретінде танылды.

2 Ұлттық, аймақтық және жергілікті нормативтік актілер белгілі біліктілік пен білімді талап ете алады.

3.10 Зертхана басшылығы (laboratory management): Зертхана қызметіне басшылық ететін және басқаратын тұлға (тұлғалар).

Ескертпе – ISO 9000:2005-те «Зертхана басшылығы» термині «жоғарғы басшылық» терминінің синонимі болып табылады.

3.11 Медициналық/клиникалық зертхана (medical/clinical laboratory): адам ағзасынан¹ диагноз жасау, аурудың алдын алау немесе емдеу немесе адам ден саулығын бағалау және нәтижелерді түсіндіру және әрі қарай сәйкес тексерілу бойынша ұсыныстар беруді қоса зертханалық тексерулердің барлық аспектілері бойынша консультациялық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында алынған биологиялық, микробиологиялық, иммунологиялық, химиялық, иммуногематологиялық, гематологиялық, биофизикалық, цитологиялық, патологиялық² немесе өзге зерттеу материалдарына арналған зертхана.

Ескертпе – Бұл зерттеулер түрлі заттардың немесе микроағзалардың болуын және немесе болмауын анықтау, өлшеу немесе өзгеше сипаттау үшін рәсімдерді қамтиды.

3.12 Сәйкессіздік (nonconformity): Талаптарды орындамау.

[[5] 3.6.2 анықтама]

Ескертпе – Басқа жиі қолданылатын терминдерге жатады: қолайсыз оқиға, қателік, инцидент, кездейсоқтық.

3.13 Емделу орны бойынша зерттеулер (near-patient testing): Пациентке жақын жерде немесе тура ол орналасқан жерде орындайтын және оның нәтижелері пациентті емдеуді мүмкін өзгертуге әкелетін зерттеулер.

[[15] 3.1 анықтама]

3.14 Сараптаудан кейінгі рәсімдер (post-examination processes) сараптаудан кейінгі кезең (postanalytical phase): Нәтижелерді тексеруді, биологиялық материалды қорғауды және сақтауды, сынамалар және қалдықтарды жоюды, форматтауды, түсіндіруді, рәсімдеу мен зерттеулердің нәтижелерін беруді және оларды сақтауды қоса зерттеуден кейін жүретін рәсімдер.

3.15 Сараптауға дейінгі рәсімдер (pre-examination processes) сараптауға дейінгі кезең (preanalytical phase): дәрігер сұрауынан басталатын және зерттеуге өтінімді, пациентті дайындауды және сәйкестендіруді, бастапқы сынамаларды алу және оларды зертханаға және оның ішінде тасымалдауды қамтитын және сараптамалық зерттеулер басталғанда аяқталатын хронологиялық тәртіптегі рәсімдер.

3.16 Бастапқы сынамалар және үлгілер (primary sample, specimen): Бүтінге қолдану көзделген бір немесе бірнеше бөлікті және қасиеттерді

¹ Биологиялық материал

¹ Патологиялық, патоморфологиялық

² биологиялық материал

зерттеуге, зерделеуге немесе талдауға алынған биологиялық сұйықтық, тынысталатын ауа, шаш немесе тіндердің белгілі бөлігі.

Ескертпелер

1 Жаһандық үйлестіру жөніндегі жұмыс тобы (GHTF) өз нормативтік құжаттарында медициналық зертханада зерттеу үшін биологиялық текті сынаманы білдіре отырып «үлгі» терминін қолданады.

2 ISO және CEN құжаттарында «үлгі» терминіне келесі анықтама беріледі – «адам ағзасынан алынған биологиялық сынама».

3 Кейбір елдерде «үлгі» термині зертханаға жіберілуге (немесе зертханамен қабылданатын) дайындалған және зерттеуге арналған сынама болып табылатын «бастапқы сынамалардың» (немесе оның бөлігінің) орнына қолданылады.

3.17 Үдеріс (process): кірістер мен шығыстарды түрлендіретін өзара байланысты және өзара әрекеттесетін қызмет түрлерінің жиынтығы.

Ескертпе – Үдеріске кіріс әдетте басқа үдерістердің нәтижелері болып табылады.

[[5] 3.4.1 анықтама]

3.18 Сапа (quality): қасиеттік сипаттамалар жинағының белгілі талаптарға сәйкестігінің дәрежесі.

Ескертпелер

1 «Сапа» термині жаман, жақсы және өте жақсы сын есімдерімен қолданыла алады.

2 «Қасиеттік» «берілгенмен» салыстырғанда белгілі бір нәрседе болуды, яғни тұрақты сипаттаманы білдіреді.

[[5] 3.1.1 анықтама].

3.19 Сапа көрсеткіші (quality indicator): Қасиеттік сипаттамалар жинағының белгілі талаптарға сәйкестігінің дәрежесін өлшеу шамасы.

Ескертпелер

1 Өлшеу шамасы шығыс %-ында белгілі талаптардың аясындағы (%), ақаулардың %-ында белгілі талаптардың аясынан тыс (%), миллион жағдайға ақауларда немесе Алты Сигма шәкілінде көрсетіле алады.

2 Сапа көрсеткіштері ұйымның қолданушылардың қажеттіліктері мен талаптарына сәйкестігінің дәрежесін және барлық жұмыс үдерістерінің сапасын анықтай алады.

Мысалы – Егер талап зертхананың барлық несеп сынамаларын таза күйінде алуы болса, онда алынған кірленген сынамалардың саны, барлық алынған сынамалардан алынған % сияқты (үдерістің сапалық сипаттамасы) үдеріс сапасының шамасы болып табылады.

3.20 Сапа менеджменті жүйесі (quality management system): Ұйымды сапаға қатысты басқару және меңгеру үшін менеджмент жүйесі.

Ескертпе - «Сапа менеджменті жүйесі» термині осы анықтамада бағалау мен үнемі жетілдіріп отырумен менеджмент саласындағы жалпы қызметті, қорларды, сараптауға дейінгі, сараптау кезіндегі және сараптаудан кейінгі кезеңдердің үдерістерін беруді және басқаруды білдіреді.

[[5] 3.2.3 анықтама]

3.21 Сапа саласындағы саясат (quality policy): Зертхана басшылығымен ресми тұжырымдалған зертхананың сапа саласындағы жалпы ниеттері мен қызметінің бағыттары.

Ескертпе – Сапа саласындағы саясат әдетте ұйымның жалпы саясатына сәйкес келеді және сапа саласындағы мақсаттарды айқындау бойынша шекараларды белгілейді.

[[5] 3.2.4 анықтама]

3.22 Сапа саласындағы мақсаттар (quality objective): Сапа саласындағы қол жеткізетін немесе оған ұмтылатын мақсаттар.

Ескертпелер

1 Сапа саласындағы мақсаттар әдетте зертхананың сапа саласындағы саясатына негізделген.

2 Сапа саласындағы мақсаттар тиісті қызметтер мен ұйым деңгейлеріне сәйкес белгіленеді.

[[5] 3.2.5 анықтама]

3.23 Көмекші (қосалқы мердігер) зертхана (referral laboratory): Зерттеу үшін алынған сынама жіберілетін сыртқы зертхана.

Ескертпе - Көмекші (қосалқы мердігер) зертхана – зертхана басшылығы зерттеу жүргізу үшін сынамаларды немесе сынамалардың бір бөлігін жіберуге немесе жоспарлы жұмыстардың орындалуы мүмкін болмаған жағдайда тандап алатын зертхана. Мұндай зертхана денсаулық сақтау жүйесіне жататын, сот-медициналық сараптаманы (криминалистиканы) және ісіктерді тіркеуді жүргізетін зертханадан немесе үлгілер материалдардың қозғалыс сызбасына және нұсқамаға сәйкес міндетті түрде жіберілетін орталық зертханадан өзгешеленеді.

3.24 Сынама (sample): Бастапқы үлгілерден алынған бір немесе бірнеше бөліктер.

Мысалы – Сарысудың үлкен көлемінен алынған сарысу көлемі (бөлігі).

3.25 Айналым уақыты (turnaround time): Сараптауға дейінгі, сараптау және сараптаудан кейінгі үдерістерді қамтитын екі белгілі цикл арасындағы уақыт кезеңі.

3.26 Валидация (validation): нақты жобаланған қолданылуға арналған талаптар болғандығын немесе қолданылулар орындалғанын білдіретін дәлелді куәліктерді көрсету арқылы растау.

Ескертпе - «Валидацияланды» термині тиісті ахуалды білдіру үшін қолданылады.

[[5] 3.8.5 анықтама]

3.27 Верификация (verification): Белгіленген талаптар орындалғанын білдіретін дәлелді куәліктерді көрсету арқылы растау.

Ескертпелер

1 «Верификацияланды» термині тиісті ахуалды білдіру үшін қолданылады.

2 Верификация келесілер сияқты қызмет түрлерін қамти алады:

- баламалы есептеулерді орындау,
 - жаңа ерекшелікті парапар расталғанмен салыстыру,
 - сынақтарды жүргізу және көрсету, және
 - құжаттарды оларды басып шығару алдында тексеру
- [[5] 3.8.4 анықтама].

4 Менеджментке қойылатын талаптар

4.1 Ұйым және басшылықтың жауапкершілігі

4.1.1 Ұйым

4.1.1.1 Жалпы ережелер

Медициналық зертхана (бұдан әрі - «зертхана») өзінің тұрғылықты орналасқан жері бойынша, құрылымдық бөлімдерінде немесе мобильді объектілерінде жұмыстарды орындауы кезінде осы стандарттың талаптарына сәйкес болуы керек.

4.1.1.2 Заңды тұлға

Құрамына кіретін зертхана немесе ұйым заңды түрде тіркелген, өз қызметі үшін заңды жауапкершілік артатын ұйым болуы тиіс.

4.1.1.3 Этикалық тәртібі

Зертхана басшылығы келесілерді қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауы керек:

a) зертхананың құзыреттігіне, бейтараптығына, әділдігі мен адалдығына сенімді азайтатын кез келген іс-әрекетке қатысудан бас тарту;

b) басшылық және қызметкерлер олардың жұмысының сапасына кері әсер ететін өрескел коммерциялық, қаржылық және өзге қысым көрсету және ықпал ету шараларына қатыспайды;

c) әлеуетті мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда олар туралы ашық және тиісті түрде жариялануы керек;

d) сынамалармен, тіндермен немесе адам денесінің сүйектерімен жұмысты қамтамасыз ететін, тиісті құқықтық талаптарға сәйкес тиісті рәсімдері бар;

e) ақпараттың құпиялылығы сақталады.

4.1.1.4 Зертхананың директоры (меңгерушісі)

Зертхана тиісті құзыреттігі және көрсетілетін қызметтер бойынша табысталған уәкілеттіктері бар тұлғамен немесе тұлғалармен басқарылады.

Директордың (меңгерушінің) жауапкершілігі зертхана ұсынатын қызметтермен байланысты кәсіби, ғылыми, ақыл-кеңестік, ұйымдастырушылық, әкімшілік және оқыту сұрақтарын қамтиды.

ҚР СТ ISO 15189-2015

Зертхана директоры (меңгерушісі) белгілі уәкілеттіктерді және/немесе міндеттерді білікті қызметкерлерге табыстай алады, бірақ директор(меңгеруші) зертхананың жұмысы мен оны басқаруға толық жауапкершілікті артады.

Зертхана директорының (меңгерушінің) міндеттері мен жауапкершілігі құжатпен ресімделеді.

Зертхана директоры (меңгерушісі) (немесе уәкілетті тұлға) осы стандарттың талаптарын орындау үшін қажетті құзыреттік пен ресурстарға ие болуы керек.

Зертхана директоры (меңгерушісі)(немесе уәкілетті тұлға) келесілерді орындауы тиіс:

a) өзіне тапсырылған жауапкершілікке сәйкес, бюджетті жоспарлау және қаржыландыруды басқаруды қоса медициналық зертханалық қызметтерді тиімді басқаруды жүзеге асыру;

b) қажетті дәрежеде аккредиттеу және мемлекеттік реттеу жөніндегі тиісті органдармен, лауазымды тұлғалармен, денсаулық сақтау органдарымен, қызмет көрсетілетін пациенттермен және жеткізушілер және мердігерлермен байланыс орнату және тиімді жұмыс істеу;

c) қолданушылардың қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес медициналық зертханалық қызметтер көрсетуге қажетті, тиісті білім, дайындық және құзыреттік деңгейі бар тиісті мөлшердегі қызметкерлердің болуын қамтамасыз ету;

d) сапа саласындағы саясаттың орындалуын қамтамасыз ету;

e) тиісті тәжірибе мен қолданылатын талаптарға сәйкес қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;

f) егер бұл қолайлы және қолданбалы болған жағдайда, қызмет көрсетілетін ұйымның медициналық қызметкерлерімен ынтымақтастық жүргізу;

g) зерттеулерді таңдау, зертханалық қызметтерді орындау және зерттеу қорытындыларын түсіндіруге қатысты клиникалық ұсыныстардың берілуін қамтамасыз ету;

h) зертхана жеткізушілерін талдау және іріктеуді жүргізу;

i) көмекші зертханаларды/қосалқы мердігер зертханаларды іріктеуді жүргізу және олар көрсететін қызметтердің сапасын қадағалау;

j) зертханалық қызметкерлердің кәсіби дамуының бағдарламаларын беру және кәсіби зертханалық ұйымдардың ғылыми және өзге қызметтеріне қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

k) медициналық зертхана қызметтерінің орындалу стандарттарын анықтау, орындау және қадағалау және қызмет сапасының артуын қадағалау;

Ескертпе – Тиісті жағдайларда негізгі ұйымның сапасын арттыру бойынша комитеттер контекстінде қарастырыла алады.

ҚР СТ ISO 15189-2015

l) клиникалық маңызды ақпараттың тұжырымдалғанын анықтау үшін зертханада атқарылатын барлық жұмыстарды бақылауды жүзеге асыру;

m) зертханалық қызметтерге қатысты қызметкерлердің және/немесе тұтынушылардың кез келген шағымдарын, сұрауларын және ұсыныстарын қарастыру (қараңыз: 4.8, 4.14.3 және 4.14.4);

n) шұғыл қажеттілік кезінде немесе зертханалық қызметтер шектелген немесе оларға қол жетпейтін басқа жағдайларда негізгі қызметтердің қолжетімдігін қамтамасыз ету үшін күтпеген жағдайларға әрекет ету жоспарын әзірлеу және енгізу;

Ескертпе – Күтпеген жағдайларға әрекет ету жоспарлары ауық-ауық тексеріліп тұруы керек.

o) қажет жағдайларда ғылыми зерттеулер мен әзірленімдерді жоспарлау және басқару.

4.1.2 Басшылықтың жауапкершілігі

4.1.2.1 Басшылықтың міндеттемелері

Зертхананың басшылығы сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге және енгізуге және оны келесі жолдармен үнемі жетілдіруге пейілділігін көрсетуі тиіс:

a) зертханалық қызметкерлерді тұтынушылардың қажеттіліктері мен талаптарына (қараңыз: 4.1.2.2), сондай-ақ нормативті және аккредиттеу талаптарына сәйкес болудың маңыздылығы туралы ақпараттандыру;

b) Сапа саласындағы саясатты әзірлеу; (қараңыз: 4.1.2.3);

c) Сапа және жоспарлау саласындағы мақсаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету (қараңыз: 4.1.2.4);

d) барлық қызметкерлердің жауапкершілігін, құқықтары мен қарым-қатынастарын анықтау (қараңыз: 4.1.2.5);

e) коммуникация үдерістерін орнату (қараңыз: 4.1.2.6);

f) сапа бойынша жауаптыны тағайындау (сапа жөніндегі менеджерді, сондай-ақ бұл лауазымға басқа атау да қолданыла алады) (қараңыз: 4.1.2.7);

g) басшылық тарапынан талдау жүргізу (қараңыз: 4.15);

h) белгіленген жұмыс түрлерін орындау бойынша барлық қызметкерлердің құзыреттігін қамтамасыз ету (қараңыз: 5.1.6);

i) Зерттеуге дейінгі, зерттеу және зерттеуден кейінгі (қараңыз: 5.4, 5.5 және 5.7) рәсімдердің тиісті жүзеге асуы үшін сайма-сай ресурстардың болуын қамтамасыз ету (қараңыз: 5.1, 5.2 және 5.3).

4.1.2.2 Қолданушылардың қажеттіліктері

Зертхананың басшылығы пациенттер мен зертхана қызметтерін тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын тиісті ақыл-кеңес және түсіндіру қызметтерін қоса зертханалық қызметтерді қамтамасыз етуі керек (сондай-ақ: 4.4 және 4.14.3 т. қараңыз).

4.1.2.3 Сапа саласындағы саясат

ҚР СТ ISO 15189-2015

Зертхананың басшылығы өзінің сапа менеджменті жүйесінің сапа саласындағы саясаттағы мақсатын анықтауы тиіс. Зертхананың басшылығы сапа саласындағы саясаты келесі талаптарға сәйкес екендігіне кепілдік беруі қажет:

- a) ұйымның мақсатына сәйкес;
- b) тиісті кәсіби тәжірибе қағидаттарына пейілділікті, зерттеулердің нысаналы мақсатына сәйкестігін, стандарт талаптарына сәйкестігін және зертханалық қызметтердің сапасын үнемі арттыруды қамтиды;
- c) сапа саласындағы мақсаттарды қою мен талдауға жағдайлар жасайды;
- d) ұйымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізілді және барлығына түсінікті;
- e) тұрақты жарамдылығына үнемі талдау жасалады.

4.1.2.4 Сапа саласындағы мақсаттар және жоспарлау

Зертхананың басшылығы тұтынушылардың қажеттіліктері мен талаптарын қанағаттандыруға қажеттіні қоса, тиісті қызметтер үшін және ұйымның тиісті деңгейлерінде сапа саласындағы мақсаттарды белгілеуі керек. Мақсаттар өлшеуге болатын және сапа саласындағы саясатқа сәйкес болуы тиіс.

Зертхананың басшылығы сапа менеджменті жүйесін жоспарлау талаптарды орындау (қараңыз: 4.2) және сапа саласындағы мақсаттарға жету үшін жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі керек.

Зертхананың басшылығы жоспарлау және сапа менеджменті жүйесіне өзгерістер енгізу кезінде сапа менеджменті жүйесінің тұтастығының сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

4.1.2.5 Жауапкершілік, құқықтар және қарым-қатынастар

Зертхананың басшылығы жауапкершілік, уәкілеттіктер және әрекеттесулердің анықталуын, құжатталуын және зертхана қызметкерлерінің назарына жеткізілуін қамтамасыз етуі керек. Үдеріс әрбір қызметке жауаптыны белгілеуді және негізгі басқарушының орынбасарларының және техникалық қызметкерлердің тағайындалуын қамтуы керек.

Ескертпе – Кейбір зертханаларда жекелеген тұлғалар бірнеше қызметтерге жауапты бола алады, өйткені әрбір қызметке жеке-жеке орынбасар тағайындау тиімсіз.

4.1.2.6 Қызметкерлердің өзара қарым-қатынасы

Зертхананың басшылығы қызметкерлермен тиімді қарым-қатынас құралдарына ие болу керек (қараңыз: 4.14.4). Талқыланған сұрақтар мен мәжілістердің жазбалары сақталуы керек.

Зертхананың басшылығы зертхана мен мүдделі тараптар арасында өзара байланыстың тиісті үдерістерінің орнауын қамтамасыз етуі және зерттеуге дейінгі рәсімдер, зерттеу рәсімдері және зерттеуден кейінгі рәсімдер және сапа менеджменті жүйесінің тиімділігіне қатысты өзара байланыстардың болуын қамтамасыз етуі керек.

4.1.2.7 Менеджмент жүйесінің сапасына жауапты (сапа жөніндегі менеджер)

Зертхананың басшылығы басқа міндеттерге байланыссыз, келесілерді қосқанда жауапкершілік артылатын, сапа менеджменті жүйелері үшін жауаптыны тағайындауы керек:

а) сапа менеджменті жүйесіне қажетті үдерістерді әзірлеу, енгізу және жұмыс жағдайында ұстап тұруды қамтамасыз ету;

б) зертхана басшылығын сапа менеджменті жүйесінің жұмысы және зертхананың саясаты, міндеттері мен ресурстары бойынша шешім қабылданатын нақты деңгейде кез келген жақсарту қажеттіліктері туралы ақпараттандыру;

с) түгелдей ұйым бойынша қызметкерлердің тұтынушылардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктері туралы хабардарлығын арттыру.

4.2 Сапа менеджменті жүйесі

4.2.1 Жалпы талаптар

Зертхана сапа менеджменті жүйесін жасауы, құжатпен ресімдеуі, енгізуі және қолдап отыруы және осы стандарттың талаптарына сәйкес оның тиімділігін үнемі арттырып отыруы керек.

Сапа менеджменті жүйесі сапа саласындағы саясаттың және міндеттердің және тұтынушылардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандырудың жүзеге асырылуына қатысты барлық үдерістерді біріктіруі керек.

Зертхана:

а) сапа менеджменті жүйесіне қажетті үдерістерді анықтауы және олардың түгелдей зертхана бойынша қолданылуын қамтамасыз етуі керек;

б) бұл үдерістердің тәртібі мен әрекеттесуін анықтауы керек;

с) жұмыс тиімділігін және бұл үдерістерді басқаруды қамтамасыз ету бойынша критерийлер мен әдістерді анықтауы керек;

д) жұмыстың қалыпты жүруін қамтамасыз етуге және бұл үдерістерді бақылауға қажетті ресурстар мен ақпараттың қолжетімдігін қамтамасыз етуі керек;

е) бұл үдерістерді бақылауды және бағалауды жүргізуі керек;

ф) жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу және бұл үдерістерді үздіксіз жақсарту бойынша әрекеттерді жүзеге асыруы керек.

4.2.2 Құжаттамаға қойылатын талаптар

4.2.2.1 Жалпы талаптар

Сапа менеджменті жүйесінің құжаттары келесілерді қамтуы керек:

а) сапа саласындағы саясат (қараңыз: 4.1.2.3) және мақсаттар (қараңыз:

4.1.2.4) туралы ресімделген мәлімдемелер;

б) сапа жөніндегі нұсқаулық (қараңыз: 4.2.2.2);

с) осы халықаралық стандартпен талап етілетін рәсімдер мен жазбалар;

д) тиімді жоспарлау, жұмыс істеу және үдерістерді бақылау мақсатымен зертхана анықтайтын құжаттар мен жазбалар (қараңыз: 4.13);

е) тиісті регламенттер, стандарттар және өзге нормативтік құжаттардың көшірмелері.

Ескертпе – Құжаттама кез келген формада және кез келген тасымалдағышта беріле алады, құжаттар оңай қол жететін және заңсыз өзгерістер енгізу мен бүлдіруден қорғалған болуы керек.

4.2.2.2 Сапа жөніндегі нұсқаулық

Зертхана келесілерді қамтитын сапа жөніндегі нұсқаулықты әзірлеп, оны жұмыс жағдайында ұстап отыруы керек:

а) сапа саласындағы саясатты (қараңыз: 4.1.2.3) немесе оған сілтемені;
б) сапа менеджменті жүйесінің қолданылу салаларының сипаттамасын;
с) ұйымды және зертхананы басқару құрылымын және оның басты ұйымдағы орнын көрсетуді;

д) белгіленген стандартқа сәйкестікті қамтамасыз ету үшін зертхана басшылығының (зертхананы меңгерушісін және сапаға жауаптыны қоса) рөлі мен міндеттерінің сипаттамасын;

е) сапа менеджменті жүйесінде қолданылатын құжаттаманың құрылымы мен өзара байланысының сипаттамасын;

ф) сапа менеджменті жүйесі үшін белгіленген, құжатталған саясаттар және оларды қызмет көрсететін басқарушылық және техникалық іс-әрекеттерге сілтемелерді.

Сапа жөніндегі нұсқаулық зертхана қызметкерлері үшін қол жетімді болуы керек және қызметкерлер сапа жөніндегі нұсқаулықтың пайдаланылуы және қолданылуы туралы хабардар болуы тиіс.

4.3 Жазбаларды басқару

Зертхана сапа менеджменті жүйесі талап ететін құжаттаманы бақылауды жүзеге асырады және ескірген құжаттарды абайсызда қолданудан сақтайды.

Ескертпелер

1 Бақылауға алынатын құжаттар нұсқасының өзгеруіне немесе уақытының өзгеруіне байланысты өзгере алады. Мұндай құжаттардың мысалы: Сапа саласындағы саясатты, қолдану жөніндегі нұсқаулықты, технологиялық карталарды, ерекшеліктерді, формаларды, кабирлеу кестелерін, биологиялық референтті аралықтарды және олардың қайнар көздерін, карталарды, плакаттарды, жазбаларды, анықтамаларды, бағдарламалық қамсыздандыруды, суреттерді, жоспарларды, келісім-шарттарды және сыртта жасалған құжаттарды, әдетте зерттеу рәсімдері алынған стандарттарды және оқулықтарды қамтиды.

2 Жазбалар белгілі уақытта басталған, қол жеткізілген нәтижелер көрсетілген немесе жүргізілген қимылдарға қатысты дәлелдерді ұсынатын ақпаратты қамтиды. Жазбаларды жүргізу 4.13 «Жазбаларды басқару» тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Зертхана келесі жағдайларға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құжатталған рәсімге ие болуы тиіс:

а) электронды түрде жүргізілетіндерді, қоса, барлық құжаттар сапа менеджменті жүйесінің бөлігін құрайды және шығарылғанға дейін уәкілетті тұлғамен тексерілуі және бекітілуі керек.

б) барлық құжаттар келесі сипаттар бойынша сәйкестендірілуі керек:

- атауы;
- әрбір беттегі ерекше сәйкестендіру коды;
- ағымдағы нұсқасының күні және/немесе редакция нөмірі;
- жалпы бет санының ішіндегі бет нөмірі (мысалы, 5 беттен 1 бет, 5 беттен 2 бет);
- құжатты бекітуге уәкілеттіктер.

Ескертпе - «Редакция» құжаттың өзгерістері мен толықтыруларын қосатын, әр уақытта берілген, басып шығарылған нұсқаларының бірін білдіру үшін қолданылады. «Редакцияны» «қайта қарастыру немесе нұсқалардың» синонимі ретінде қарастыруға болады.

с) құжаттардың ағымдағы бекітілген редакциялары және олардың таратылуы тізім көмегімен сәйкестендіріледі (мысалы, құжаттар тізілімі, журнал немесе индексті көрсеткіш, мастер-бет).

д) қолдану орындарында тиісті құжаттардың тек қолданыстағы нұсқалары қол жетімді болуы тиіс;

е) зертхана құжаттамасын басқарудың зертханалық жүйесі құжаттарды олардың қайта басылуын күту уақытында қолмен түзетуге жол беретін болса, онда рәсімдер мен мұндай түзетулерді енгізуге уәкілетті тұлғалар анықталған, түзетулер айқын белгіленген, нұсқалған және күні көрсетілген, және қайта қарастырылған құжат белгіленген уақыт аралығында қайта басылады;

ф) құжаттағы өзгерістер сәйкестендірілуі тиіс;

г) құжаттар нақты тұжырымдалған болуы керек;

h) құжаттар үнемі қайта қарастырылып отырады және олардың қолдануға жарамдылығын қамтамасыз ететін жиілікпен жаңартылып отырады;

і) ескірген құжаттар күні көрсетіліп, ескірген ретінде белгіленеді;

j) ескірген құжаттың кемінде бір көшірмесі белгілі уақыт аралығында немесе белгіленген талаптарға сай сақталады.

4.4 Қызмет көрсету туралы келісім-шарттар

4.4.1 Қызмет көрсету туралы келісім-шарт жасасу

Зертханада медициналық зертханалық қызметтер көрсетуге келісім-шарттар жасасу және оларды қайта қарастырудың құжатталған рәсімдері болуы керек.

Зертхана қабылдайтын әрбір зерттеу жүргізуге өтінім қызмет көрсету келісім-шарты ретінде бағаланады.

ҚР СТ ISO 15189-2015

Медициналық зертханалық қызметтер көрсету келісім-шарттары өтінімді, талдауды және есепті ескеруі керек. Келісім-шартта тиісті зерттеуді орындауды және нәтижелерді түсіндіруді қамтамасыз ету үшін өтінім бойынша талап етілетін ақпарат көрсетілуі керек.

Зертхана медициналық зертханалық қызметтер көрсетуге келісім-шарт жасасқан кезде келесі шарттар орындалуы керек:

а) қолданылатын зерттеу әдістерін қоса клиенттер мен тұтынушылардың, зертханалық қызметтерді жеткізушілердің талаптары тиісті түрде анықталуы құжатталуы және түсінілуі керек (қараңыз: 5.4.2 және 5.5).

б) зертханада талаптарды орындау үшін мүмкіндіктер мен ресурстар болуы қажет.

с) қызметкерлер жоспарланған зерттеулерді орындау үшін қажетті біліктілік пен тәжірибеге ие болуы керек.

д) таңдалған зерттеу рәсімдері мақсатқа сай болуы және клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек (қараңыз: 5.5.1).

е) клиенттер мен тұтынушылар зерттеулердің нәтижелеріне әсер ететін кез келген келісім-шарттан ауытқулар туралы ақпараттануы керек клиенті.

ф) көмекші зертханаға және/немесе кеңесшілерге орындауға берілетін кез келген жұмыс тиісті түрде белгіленуі (сәйкестендірілуі) керек.

Ескертпелер

1 Дәрігерлер, денсаулық сақтау ұйымдары, үшінші тарап ретінде ақы төлейтін ұйымдар немесе агенттіктер, фармацевтикалық компаниялар мен пациенттер тапсырыс берушілер және қолданушылар бола алады.

2 Тапсырыс беруші пациент болған жағдайда (мысалы, пациент нақты өзінің зерттеуге тапсырыс беруге мүмкіндігі болған жағдайда), қызметтердегі өзгерістер түсіндірмелі құжаттамада және зертхананың есептерінде көрсетілуі керек.

3 Зертхана мұндай қарым-қатынастар зерттеуге тапсырыс беруге түрткі болатын немесе дәрігердің пациентке ненің жақсы екендігі туралы тәуелсіз пікіріне ықпал ететін жағдайларда шұғылданушы дәрігерлермен немесе қаржыландырушы агенттіктермен қаржылық қарым-қатынастарға түспеуі керек.

4.4.2 Қызмет көрсету келісім-шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Медициналық зертханалық қызметтер көрсету келісім-шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу келісім-шарттың барлық аспектілерін қамтуы тиіс. Бұл қайта қарастырулар туралы жазбалар келісім-шартты кез келген қайта қарастыруды және іске қатысты кез келген талқылауды қамтуы керек.

Келісім-шартқа қызмет көрсетуді бастағаннан кейін өзгеріс енгізу керек болған жағдайда, келісім-шартты қайта қарастыру үдерісі екінші мәрте өтуі тиіс және кез келген түзету туралы барлық мүдделі тараптарға хабарлануы керек.

4.5 Көмекші (қосалқы мердігер) зертханалардағы зерттеулер

4.5.1 Көмекші (қосалқы мердігер) зертханалар мен кеңесшілерді таңдау және бағалау

Зертханада өздерінің сарапшылық бағасын беретін және кез келген пән бойынша күрделі зерттеулерді түсіндіруді жүргізетін көмекші (қосалқы мердігер) зертханаларды және кеңесшілерді таңдау және бағалаудың құжатталған рәсімдері болуы керек,

Бұл рәсім келесі шарттардың орындалуын қамтамасыз етуі керек:

а) зертханалар, орынды болатын жағдайларда зертханалық қызметтерді тұтынушылардың ұсыныстарын ескере отырып, көмекші (қосалқы мердігер) зертханаларды және көмекші кеңесшілерді таңдауға, сұралатын зерттеулерді орындау кезінде орындаудың сапасын бақылауға және көмекші (қосалқы мердігер) зертхананың және көмекші кеңесшінің құзыреттігін қаматасыз етуге жауап береді.

б) көмекші (қосалқы мердігер) зертханалармен және кеңесшілермен келісім осы стандарттың тиісті бөлімдерінің орындалуына кепілдік беру үшін үнемі талданады және бағаланады.

с) мұндай үнемі талдау бойынша жазбалар жүргізіледі.

д) зертхана қызметтерін пайдаланатын барлық көмекші зертханалардың және кеңесшілердің тізімін жүргізуі керек.

е) көмекші (қосалқы мердігер) зертханаларға жіберілген өтінімдер мен барлық сынамалардың нәтижелері алдын ала анықталған уақыт аралығында сақталады.

4.5.2 Зерттеулердің нәтижелерін ұсыну

Егер келісімде бұл басқадай түрде келісілмеген болса, көмекші (қосалқы мердігер) зертхананың нәтижелерін тапсырыс берушіге ұсынуға негізгі зертхана (көмекші зертхана емес) жауапкершілік артады.

Егер зерттеу туралы есепті көмекші (қосалқы мердігер) зертхананың қызметін пайдаланушы зертхана дайындайтын болса, онда бұл есепкөмекші (қосалқы мердігер) зертхана немесе кеңесші хабарлаған нәтижелердің барлық негізгі элементтерін клиникалық түсіндіруге ықпал етуі мүмкін еш өзгеріссіз қамтуы керек. Есепте қандай зерттеулерді көмекші (қосалқы мердігер) зертхана немесе кеңесші орындағаны көрсетілуі тиіс. Кез келген қосымша ескертпелердің авторы нақты көрсетілуі керек.

Зертхана көмекші (қосалқы мердігер) зертхана орындаған зерттеу қорытындыларын хабарлау үшін мәтіннің айналым уақытын, өлшемнің дәлдігін, жазу рәсімдерін және түсіндіруге қойылатын талаптарды ескере отырып, барлық қолдануға болатын құралдарды қолдануы керек. Егер зерттеу нәтижелерін дұрыс түсіндіруге және қолдануға дәрігерлердің және қос зертхананың (көмекші және көмекші зертхананың қызметін пайдаланушы) мамандарының бірлескен жұмысы қажет болса, үдеріске

қандай да бір коммерциялық немесе қаржылық факторлар бөгет жасамауы керек.

4.6 Сыртқы қызметтер және жеткізулер

Зертханада оның қызметтерінің сапасына ықпал ететін сыртқы қызметтерді, жабдықтарды, реагенттерді және шығыс материалдарын таңдау мен сатып алудың құжатталған рәсімдері болуы керек. (қараңыз: 5.3).

Зертхана жеткізушілерді олардың сыртқы қызметтерді, жабдықтарды, реагенттерді және шығыс материалдарын жеткізуге қатысты мүмкіндіктеріне қарай зертханалық талаптарға сәйкес таңдауды және мақұлдауды жүргізуі тиіс; бірақ бұл талапты орындау үшін ұйымның басқа бөлімдері және қызметтерімен ынтымақтасу керек болуы мүмкін. Жеткізушілерді таңдау критерийлері белгіленген болуы қажет.

Зертханада белгіленген жабдықтарды, реагенттерді және шығыс материалдарын жеткізушілердің тізімі болуы керек.

Сатып алулар туралы ақпарат сатып алынатын қызметке немесе материалға қойылатын барлық талаптарды қамтуы тиіс.

Зертхана сатып алынатын қызметтер мен материалдардың алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкестігіне кепілдік беру үшін жеткізушілердің өз міндеттемелерін жүзеге асыруларын бақылауды жүргізуі керек.

4.7 Ақыл-кеңес қызметтері

Зертхана тұтынушылармен қарым-қатынастың келесі рәсімдерін бекітуі тиіс:

- а) талап етілетін сынама типін (қараңыз: 5.4), клиникалық көрсетулерді, зерттеу рәсімдерін шектеулерді және зерттеулерді жүргізу жиілігін қоса зерттеулерді таңдауға және қызметтерді пайдалануға қатысты ақыл-кеңестер;
- б) жеке клиникалық жағдайларға қатысты ақыл-кеңестер;
- с) зерттеулердің нәтижелерінің түсіндірілуін кәсіби бағалау (қараңыз: 5.1.2 және 5.1.6);
- д) зертханалық қызметтердің тиімді қолданылуына ат салысу;
- е) ғылыми сұрақтар және сынамалардың қабылдау критерийлеріне сәйкессіздігі сияқты ұйымдастырушылық сұрақтар бойынша ақыл-кеңестер.

4.8 Шағымдарды (наразылықтарды) қарастыру

Зертханада дәрігерлердің, пациенттердің және басқа тараптардың шағымдары мен өзге жүгінулерін қарастырудың құжатталған рәсімдері болуы керек. Барлық шағымдар, оларды тексеру және қолға алынған әрекеттер туралы жазбалар жүргізу керек (қараңыз: 4.14.3).

4.9 Сәйкессіздіктерді сәйкестендіру және бақылау

Зертханада сараптауға дейінгі, сараптау және сараптаудан кейінгі үдерістерді қоса сапаны басқару жүйесінің кез келген аспектісінде талаптарға сәйкессіздіктерді сәйкестендірудің және жоюдың құжатталған рәсімдері болуы керек.

Бұл рәсім келесілерге кепілдік беруі тиіс:

а) сәйкессіздіктерді басқару бойынша жауапкершілікті және уәкілеттіктерді белгілеу;

б) қолға алынуы тиіс күттірмейтін шаралар анықталған;

с) сәйкессіздік дәрежесі анықталған;

д) қажет болса зерттеу үдерісі тоқтатылған және нәтижелер мен есеп беру уақытша тоқтатылған;

е) талаптарға сәйкес емес зерттеудің медициналық мәні бағаланған және қажет болғанда, зерттеуді тағайындаған дәрігер немесе уәкілетті тұлға хабарланған;

ф) талаптарға сәйкес емес зерттеудің ұсынылған нәтижелері кері қайтарылған немесе қажет жағдайда тиісті түрде сәйкестендірілген;

г) зерттеуді жалғастыруға рұқсат беруге жауапкершілік және уәкілеттіктер анықталған;

h) талаптарға сәйкессіздіктің кез келген оқиғасы құжатталған және тіркелген, бұл мәліметтер үрдістерді анықтау және алдын алу шараларын қабылдау үшін, белгіленген жүйелі уақыт аралықтары арқылы зертхана басшылығымен қарастырылады.

Ескертпе – Жұмыстың түрлі бөліміндегі талаптарға сәйкес емес зерттеулер немесе әрекеттер дәрігерлердің наразылықтарын, сапаны бақылаудың ішкі көрсеткіштерін, құралдарды калибрлеуді, шығыс материалдарын тексеруді, зертханааралық салыстырмалы зерттеулерді, қызметкерлердің пікірлерін, жазбалар мен сертификаттарды тексеруді, зертхана басшылығы тарапынан талдауды, ішкі және сыртқы аудитті қоса түрлі жолдармен анықтала алады.

Егер талаптарға сәйкес емес зерттеуге дейінгі рәсімдер, зерттеу рәсімдері және зерттеуден кейінгі рәсімдер қайталануы мүмкін болса немесе, егер зертханадағы әрекеттерді орындаудың зертхананың өз құжаттамалық рәсімдеріне сәйкестігіне күмән туса, сәйкестендіру, құжаттау және ауытқулардың көзін жою үшін рәсімдер күттірместен қолданылуы керек, түзетуші әрекеттер анықталуы және құжатталуы керек(қараңыз: 4.10).

4.10 Түзетуші әрекеттер

Зертхана сәйкессіздікті туындатқан себепті немесе себептерді жою үшін түзетуші әрекеттер қабылдауы тиіс. Түзетуші әрекеттер сәйкессіздіктердің маңыздылығына сәйкес болуы керек.

Зертханада келесілер үшін құжатталған рәсімдер болуы керек:

а) сәйкессіздіктерді талдау;

ҚР СТ ISO 15189-2015

- b) сәйкессіздіктердің түпкі себептерін анықтау;
- c) сәйкессіздіктердің қайта пайда болуын болдырмау үшін түзетуші әрекеттерге қажеттілікті бағалау;
- d) қажетті түзетуші әрекеттерді анықтау және жүзеге асыру;
- e) түзетуші әрекеттердің нәтижелерін жазу (қараңыз: 4.13);
- f) қолға алынған түзетуші әрекеттердің тиімділігін тексеру (қараңыз: 4.14.5).

Ескертпе – Сәйкессіздік кезінде оның тікелей ықпалын азайту үшін қолға алынған әрекеттер «кідіріссіз» деп аталады. Сәйкессіздікті туындатқан мәселенің түпкі себебін жою үшін қолға алынған әрекеттер «түзетуші» деп талады.

4.11 Алдын алушы әрекеттер

Зертхана сәйкессіздіктердің пайда болуының алдын алу үшін мүмкін сәйкессіздіктердің пайда болу себептерін жою бойынша әрекеттерді қолға алуы керек. Алдын алу әрекеттері әлеуетті мәселелердің салдарларына пар-пар болуы тиіс.

Зертханада келесілер үшін құжатталған рәсімдер болуы керек:

- a) Әлеуетті сәйкессіздіктердің болуын анықтау үшін зертханалық мәліметтер мен ақпаратты талдау;
- b) әлеуетті сәйкессіздіктердің түпкі себептерін анықтау;
- c) сәйкессіздіктерді болдырмау үшін алдын алу әрекеттерінің қажеттілігін бағалау;
- d) қажетті алдын алу әрекеттерін анықтау және жүзеге асыру;
- e) қолға алынған алдын алу әрекеттері бойынша жазбалар жүргізу; (қараңыз: 4.13);
- f) қолға алынған алдын алу әрекеттерін талдау.

Ескертпе – Алдын алу әрекеттері мәселелер мен наразылықтарды (яғни сәйкессіздіктерді) анықтауға әрекеттен гөрі жақсарту мүмкіндіктерін іздестіру үдерісі болып табылады. Жедел рәсімдерді талдаудан басқа алдын алу әрекеттері мәліметтерді талдауды, үрдістерді және қауіптерді және сапаны сыртқы бағалауды (біліктілікті тексеру) қамти алады.

4.12 Үнемі жақсарту

Зертхана басшылық тарапынан талдау жасау арқылы, зертхана қызметінің нақты көрсеткіштерін, түзетуші және алдын алушы әрекеттерді оның Сапа саласындағы саясатта және Сапа саласындағы мақсаттарда көрсетілген ниеттерімен салыстыра отырып, зерттеуге дейінгі рәсімдерді, зерттеу кезіндегі рәсімдерді және зерттеуден кейінгі рәсімдерді қоса үнемі сапа менеджменті жүйесін жақсартып отыруы керек, жақсарту бойынша әрекеттер қауіптерді бағалауға негізделе отырып, ең басымдыққа ие салаларға бағытталуы керек. Жетілдіру бойынша шаралардың жоспары

әзірленуі, құжатталынуы және қажет мөлшерде жүзеге асырылуы керек. Жоспарланған шараларды жүзеге асырғаннан кейін олардың орындалуының тиімділігін тоғыстырылған талдау немесе зертхана қызметінің тиісті бөлімін тексеру арқылы бағалау қажет (қараңыз: 4.14.5).

Зертхана басшылығы зертхананың тиісті салаларды және пациенттің емделу нәтижелерін қамтитын қызметті үнемі жақсартуға қатысуын қамтамасыз етуі керек. Егер үнемі жақсарту бағдарламасында жақсарту жөніндегі мүмкіндіктер анықталса, зертхана басшылығы олардың қайда анықталғанына байланыссыз, оларды қабылдауы, құзыретті орындаушыға бағыттауы тиіс. Басшылық өз қызметкерлерін жақсарту бойынша жоспарлармен және мақсаттармен ақпараттандыруы керек.

4.13 Жазбаларды басқару

Зертханада сапа бойынша жазбаларды және техникалық жазбаларды сәйкестендіру, жинау, индекстеу, қол жетімді ету, сақтау, қолдау, өзгерту және қауіпсіз жою үшін құжатталған рәсімдер болуы тиіс.

Жазбалар зерттеу сапасына ықпал ететін әрекеттерді жүзеге асырумен қатар жасалуы керек.

Ескертпе – Жазбалар кез келген формада және кез келген тасымалдағышта беріле алады, сонымен қатар құжаттар оңай қол жететін және заңсыз өзгерістер енгізу мен бүлдіруден қорғалған болуы керек.

Жазбаларға өзгерістер енгізу күні және, қажет болған жағдайда, уақыты, белгіленуі керек, сондай-ақ өзгерістерді енгізген қызметкерлер көрсетілуі тиіс (қараңыз: 5.8.6).

Зертханада зерттеуге дейінгі рәсімдерді, зерттеу кезіндегі рәсімдерді және зерттеуден кейінгі рәсімдерді қоса сапа менеджменті жүйесіне қатысты түрлі жазбаларды сақтау ұзақтығы көрсетілген тәртіп орнауы керек. Жазбаларды сақтау ұзақтығы әр түрлі бола алады; бірақ есептердің нәтижелері медициналық көрсетулерге немесе нормативті талаптарға сәйкес қажетті аралық ішінде қалпына келтірілетін болуы керек.

Ескертпе – кейбір рәсімдерге (мысалы, гистологиялық зерттеулерге, генетикалық зерттеулерге, педиатрлық зерттеулерге) қатысты заңмен бекітілген жауапкершілік басқа жазбалармен салыстырғанда, олардан ұзағырақ уақыт ішінде сақтауды талап ете алады.

Қауіпсіз сақтауды, бүлінудің алдын алуды, жоғалтуды және бұл құжаттарға заңсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ететін техникалық құралдар көрсетілуі керек (қараңыз: 5.2.6).

Ескертпе – кейбір жазбалар үшін, әсіресе электронды формада сақталатын, ең қауіпсіз сақтау формасы қатынасу мүмкіндігі қорғалған және зертханадан тыс жерде сақталатын тасымалдағыштарда сақтау болып табылады (қараңыз: 5.9.4).

ҚР СТ ISO 15189-2015

Жазбалар келесілерді қамтуы керек, бірақ олармен шектелмейді:

- a) Жеткізушіні таңдау және жұмыстарды орындау сапасы, сондай-ақ бекітілген жеткізушілердің тізіміндегі өзгерістер;
- b) персоналдың біліктілігі, оқытылуы және құзыреттігі туралы жазбалар;
- c) зерттеуге жолдама;
- d) сынамалардың зертханаға келіп түсуі туралы жазбалар;
- e) зерттеу үшін қолданылатын реагенттер мен материалдар туралы ақпарат (мысалы, тауар партиясына ілеспе құжаттар, жеткізулер сертификаттары, қосымша беттер);
- f) зертханалық жұмыс журналдары немесе жұмыс парақтары;
- g) аспаптардың басылымдары, сақталатын мәліметтер;
- h) зерттеулер бойынша нәтижелер мен есептер;
- i) ішкі және сыртқы калибрлеуді қосқандағы аспаптарға техникалық қызмет көрсету бойынша жазбалар;
- j) калибрлеу мәліметтері және қайта есептеу коэффициенттері;
- k) сапаны бақылау нәтижелері туралы жазбалар;
- l) оқиғалар мен қолға алынған шаралар туралы жазбалар;
- m) апаттар мен қолға алынған шаралар туралы жазбалар;
- n) тәуекелдерді басқару бойынша жазбалар;
- o) анықталған сәйкессіздіктер және қолға алынған кідіріссіз және түзетуші әрекеттер;
- p) қолға алынған алдын алу әрекеттері;
- q) наразылықтар мен қолға алынған шаралар;
- r) ішкі және сыртқы аудит жазбалары;
- s) зертханааралық салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері;
- t) сапаны жақсарту жөніндегі қызмет туралы жазбалар;
- u) зертхана сапасының менеджментіне қатысты қабылданған шешімдер туралы жазбаларды қамтитын мәжілістердің хаттамалары;
- v) басшылық тарапынан талдау жазбалары.

Барлық түгенделген сапалық және техникалық жазбалар басшылық тарапынан талдауға қол болуы керек (қараңыз: 4.15).

4.14 Бағалау және аудит

4.14.1 Жалпы ережелер

Зертхана келесі мақсаттарда бағалау және ішкі аудит үдерістерін жоспарлауы және енгізуі керек:

- a) тұтынушылардың қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес сараптауға дейінгі, сараптау кезіндегі және сараптаудан кейінгі және қолдаушы үдерістерді орындауды көрсету үшін;
- b) сапа менеджменті жүйесіне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін;
- c) сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін үнемі жақсартып отыру үшін.

Бағалау және жақсарту жөніндегі әрекеттердің нәтижелері шығыс мәліметтері ретінде басшылық тарапынан талдауға қосылуы керек (қараңыз: 4.15).

Ескертпе – Жақсарту бойынша әрекеттер үшін қараңыз: 4.10, 4.11 және 4.12.

4.14.2 Өтінімдерді, рәсімдердің сәйкестігін және сынамаларға (үлгілерге) қойылатын талаптарды ауық-ауық тексеру

Уәкілетті қызметкерлер зертхана ұсынатын зерттеулерді олардың қабылданған өтінімдерге клиникалық сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ауық-ауық тексеруді жүргізуі тиіс.

Зертхана зерттеуге қажетті мөлшерде сынама алуды қамтамасыз ету үшін және зерттелетін аналиттің сақталуы үшін сынамаларды дұрыс жинау мақсатында сынамалардың көлеміне, оларды жинау жинақтарына қойылатын талаптарды, қанға, несепке, басқа биологиялық сұйықтықтарға, тіндерге және басқа үлгілерге арналған консерванттарға қойылатын талаптарды қажет кезде ауық-ауық талдауы тиіс.

4.14.3 Тұтынушылардың пікірлерін бағалау

Зертхана тұтынушының көрсетілетін қызметтердің оның қажеттіліктері мен талаптарына қаншалықты сәйкестігін қабылдауына қатысты ақпаратты алуы керек. Бұл ақпаратты алу мен қолданудың әдістері зертхана басқа тұтынушыларға құпиялылықты сақтауға кепілдік беру шартымен зертхана жұмысын бақылау кезінде тұтынушымен немесе оның өкілдерімен бірлесіп жұмыс істеуді қамтуы керек. Жазбаларда жиналған ақпарат пен бұл ретте қолға алынған әрекеттер көрсетілуі тиіс.

4.14.4 Қызметкерлердің ұсыныстары

Зертхана басшылығы қызметкерлерді зертханалық қызметтердің кез келген аспектісін жақсартуға қатысты ұсыныстар беруге ынталандыруы қажет. Ұсыныстар бағалануы және қажеттілігіне қарай қолданылуы керек және қызметкерлермен кері байланысты қамтамасыз етуі тиіс. Ұсыныстар мен басшылық қолға алған шаралар туралы жазбалар жүргізу керек.

4.14.5 Ішкі аудит

Зертхана сараптауға дейінгі, сараптау кезіндегі, сараптаудан кейінгі рәсімдерді қоса сапа менеджменті жүйесіндегі барлық қызмет түрлері келесі талаптарға сәйкес екендігін анықтау мақсатында жоспарланған уақыт аралықтарында ішкі аудит жүргізіп отыруы тиіс:

- а) осы стандарт және зертхана талаптарына сәйкес;
- б) енгізілген, тиімді және қолдау көрсетіледі.

Ескертпелер

1 Ішкі аудит циклі әдетте 1 жыл ішінде аяқталады. Ішкі аудиттер жыл сайын сапаны басқару жүйесінің барлық элементтерін қамтуында қажеттілік жоқ. Зертхана басқаларын түгелдей елемей қоймай, жекелеген қызмет түрлеріне зейін қоя алады.

ҚР СТ ISO 15189-2015

Аудиттерді сапа менеджменті жүйесінің басқарушылық және техникалық үдерістерін бағалау үшін оқытылған қызметкерлер жүзеге асыруы тиіс. Аудит бағдарламасы өзіне дейінгі аудиттердің нәтижелерін қоса үдерістердің мәртебесі мен маңыздылығын және қызметтің техникалық және басқарушылық салаларын ескеруі керек. Аудит критерийлері, саласы, жиілігі мен әдістері анықталған және құжатталған болуы тиіс.

Аудиторларды іріктеу және аудитті жүргізу аудит үдерісінің объективтілігін және бейтараптығын қамтамасыз етуі керек. Аудиторлар ресурстар мүмкіндік беретін жерлерде ревизияға жататын қызметтен тәуелсіз болуы тиіс.

2 Анықтама үшін қараңыз: ISO 19011.

Зертханада аудиттерді жоспарлау мен жүргізуге, сондай-ақ нәтижелерді хабарлауға және жазбаларды сақтауға жауапкершілікті және талаптарды анықтайтын құжатталған рәсімдер болуы керек. (қараңыз: 4.13).

Тексерілетін қызметке жауап беретін қызметкерлер сәйкессіздіктер анықталған жағдайда тиісті әрекеттерді жоюды жүргізуді қамтамасыз етулері керек. Сәйкессіздіктердің себептерін жою үшін кідіріссіз түзетуші шаралар қабылданады (қараңыз: 4.10).

4.14.6 Тәуекелдерді басқару

Зертхана жұмыс үдерістерінің және әлеуетті ақаулықтардың пациенттің қауіпсіздігіне ықпал ететін зерттеу нәтижелеріне әсерін бағалауы керек және анықталған қауіптерді азайту немесе жою үшін рәсімдерді өзгертуі тиіс және шешімдер мен қолға алынған әрекеттерді құжаттауы керек.

4.14.7 Сапа көрсеткіштері

Зертхана зерттеуге дейінгі, зерттеу кезіндегі және зерттеуден кейінгі рәсімдердің барлық сыни аспектілері бойынша өз жұмысын бақылау және бағалау үшін сапа көрсеткіштерін белгілейді.

Мысалы – Қабылданбайтын (ақауланған) сынамалардың саны, тіркеу және/немесе рұқсат алу кезіндегі қателіктер саны, түзетілген есептердің саны.

Сапа көрсеткіштерін бақылау үдерісі мақсаттарды, әдістерді, түсіндіруді, шектеулерді, әрекеттер жоспарын және өлшеу ұзақтығын анықтауды қамти отырып жоспарлануы керек.

Көрсеткіштер олардың тұрақты қолданылуын қамтамасыз ету үшін ауық-ауық қайта қарастырылуы керек.

Ескертпелер

1 Зертханадағы қауіпсіздік және өндірістік орта, жабдықтардың жиынтықтығы және кадрлар есебі сияқты зерттеулермен байланыссыз рәсімдердің сапа көрсеткіштері және құжаттарды басқару жүйесінің тиімділігі басқару туралы маңызды көрініс бере алады.

2 Зертхана жүйелі бақылау үшін және зертхананың пациентті емдеуге қосқан үлесін бағалау үшін сапа көрсеткіштерін белгілеуі керек (қараңыз: 4.12)

Зертхана тұтынушылармен келісе отырып, клиникалық мұқтаждықтарды көрсететін әрбір зерттеудің ұзақтығын белгілеуі керек. Зертхана бекітілген уақыт жиектерінің орындалуын жүйелі түрде бағалауы керек.

4.14.8 Сыртқы ұйымдармен тексеру

Егер сыртқы ұйымдармен тексеру кезінде сәйкессіздіктер немесе әлеуетті сәйкессіздіктер анықталса, зертхана осы стандарт талаптарына үнемі сәйкес болуды қамтамасыз ету үшін кідіріссіз шараларды және қажеттілік туындаған жағдайларда оқиғалар бойынша түзетуші және алдын алушы әрекеттерді қолға алуы тиіс. Тексерулер, түзетуші және алдын алушы әрекеттер туралы жазбалар жүргізілуі тиіс.

Ескертпе – Аккредиттеу жөніндегі сыртқы ұйымдармен жүргізілетін тексерулердің мысалдары аккредиттеу бойынша бағалауды, реттеуші органдардың инспекцияларын, денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі органдардың инспекцияларын және т.б. қамтиды.

4.15 Басшылық тарапынан талдау

4.15.1 Жалпы талаптар

Зертхана басшылығы зертхананың сапа менеджменті жүйесін оның жарамдылығын, бейімділігін және пациенттерге медициналық көмек көрсетудегі тиімділігін тұрақты қамтамасыз ету үшін жоспарланған уақыт аралықтары арқылы талдап отыруы керек.

4.15.2 Талдау үшін кіріс мәліметтері

Басшылық тарапынан талдау жасауға кіріс мәліметтері келесі бағалаулардың нәтижелерін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- a) өтінімдерді және рәсімдер мен талаптардың сынамаларға сәйкестігін мерзімді тексеру (қараңыз: 4.14.2);
- b) кері байланысты бағалау (қараңыз: 4.14.3);
- c) қызметкерлердің ұсыныстары (қараңыз: 4.14.4);
- d) ішкі аудиттер (қараңыз: 4.14.5);
- e) тәуекелдерді басқару (қараңыз: 4.14.6);
- f) сапа көрсеткіштерін пайдалану (қараңыз: 4.14.7);
- g) сыртқы ұйымдармен тексеру (қараңыз: 4.14.8);
- h) зертханааралық салыстырмалы сынақтардың бағдарламаларына қатысу нәтижелері (қараңыз: 5.6.3);
- i) шағымдарды (наразылықтарды) бақылау және қарастыру (қараңыз: 4.8);
- j) жеткізушілердің қызметін талдау (қараңыз: 4.6);
- k) сәйкессіздіктерді сәйкестендіру және басқару (қараңыз: 4.9);
- l) түзетуші (4.10 т. қараңыз) және алдын алушы (қараңыз: 4.11) әрекеттердің ағымдағы ахуалын қоса тұрақты жақсартулардың нәтижелері (қараңыз: 4.12);

- m) бұған дейінгі басшылық тарапынан талдаулардың ілеспе әрекеттері;
- n) жұмыстардың, қызметкерлердің, үй-жайлардың сапа менеджменті жүйесіне әсер ете алатын көлемі мен құрамының өзгеруі;
- o) техникалық талаптарды қоса жақсарту бойынша ұсыныстар.

4.15.3 Басшылық тарапынан талдау бойынша әрекеттер

Басшылық тарапынан талдау жүргізгенде үдерістің мәселелерін көрсететін сәйкессіздік, үрдістер және заңдылықтардың себептерін анықтау үшін кіріс ақпараты талдануы керек.

Талдау жақсарту мүмкіндіктерін және сапа саласындағы саясат пен мақсаттарды қоса сапа менеджменті жүйесіне өзгерістер енгізу қажеттіліктерін бағалауды қамтуы керек.

Зертхананың пациентті емдеуге қатысуының сапасы мен мақсатқа сайлығы сондай-ақ мүмкін дәрежеде объективті бағалануы керек.

4.15.4 Талдау нәтижелері

Басшылық тарапынан талдау нәтижелері осы талдау кезінде келесілерге қатысты қабылданған кез келген шешімдер мен әрекеттердің жазбаларына енгізілуі керек:

- a) сапа менеджменті жүйесі мен рәсімдердің тиімділігін арттыру;
- b) көрсетілетін қызметтерді жақсарту;
- c) ресурстарға деген қажеттілік.

Ескертпе – Басшылық тарапынан талдаулар арасындағы аралық 12 айдан аспауы керек, бірақ сапа менеджменті жүйесін енгізу кезінде бағалауды бұдан гөрі қысқа мерзімде жүргізу қажет.

Басшылық тарапынан талдаудан шығатын қорытындылар мен әрекеттер тіркелуі және зертхана қызметкерлерінің назарына жеткізілуі тиіс.

Зертхананың басшылығы басшылық тарапынан талдаудан шығатын әрекеттер белгіленген уақытта аяқталатындығына кепілдік беруі керек.

5 Техникалық талаптар

5.1 Қызметкерлер

5.1.1 Жалпы ережелер

Қызметкерлердің оларға қойылатын құзыреттілік талаптарына сәйкестігін құжат түрінде дәлелдеуі үшін, зертханада қызметкерлерді басқарудың құжатталған рәсімі болуы тиіс.

5.1.2 Қызметкерлердің біліктілігі

Зертхана басшылығы әр лауазым бойынша қызметкерлердің біліктілік деңгейін құжатпен ресімдеуі тиіс. Біліктілікке қойылатын талаптарда атқаратын міндеттеріне қарай тиісті білімі, оқуы, тәжірибесі мен көрсетілген қажет дағдылары белгіленуі керек.

ҚР СТ ISO 15189-2015

Зерттеулерге қатысты сараптамалық бағалауды жүзеге асыратын қызметкерлердің қажетті теориялық және практикалық білімі мен тәжірибесі болуы керек.

Ескертпе – Сараптамалық бағалау ұлттық, аймақтық және жергілікті нормалар мен кәсіби белгілеулерге сәйкес қорытындыда, талдауда, болжамда, модельдеуде, модельдер мен көлемдерде көріне алады.

5.1.3 Лауазымдық нұсқаулықтар

Зертханаларда барлық қызметкерлердің жауапкершіліктері, өкілеттіліктері мен міндеттері сипатталған лауазымдық нұсқаулықтар болуы керек.

5.1.4 Қызметкерлерді ұйымдастыру ортасына енгізу

Зертхана жаңа қызметкерлердің өзі жұмыс істейтін ұйымға, бөлім немесе салаға кірігуі, жұмыс шартымен, қызметкерлердің ортақ қолдану жерлерімен, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау (өрт пен төтенше жағдайларды қоса алғанда) және денсаулық сақтау қызметінің талаптарымен таныстыру бағдарламасын жасауы қажет.

5.1.5 Оқыту

Зертхана барлық қызметкерлердің оқуын қамтамасыз етуі тиіс, оның ішіне келесі салалар кіреді:

- а) сапа менеджментінің жүйесі;
- б) қызметкер қатысатын рәсімдер мен үдерістерді оқыту (оған тапсырылғандар);
- с) зертханада қолданылатын ақпараттық жүйе;
- д) қалаусыз оқиғалардың салдарын болдырмау немесе тежеуді қоса алғандағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы;
- е) этика;
- ф) пациенттер туралы ақпараттың құпиялылығы.

Оқып жатқан қызметкерлер оқу уақыты аяқталғанға дейін бақылауда болулары қажет.

Оқыту бағдарламасының тиімділігі ауық-ауық талдануы қажет.

5.1.6 Құзыреттікті бағалау

Тиісті оқыту жүргізілгеннен кейін зертхана әрбір қызметкерлердің белгіленген критерийлерге сәйкес белгіленген басқарушылық немесе техникалық тапсырмаларды орындау құзыреттігін бағалауды жүргізеді.

Қайталама бағалау жүйелі аралықтарды өткізіліп отыруы тиіс. Қажет болған жағдайда оқыту қайта жүргізілуі тиіс.

Ескертпелер

1 Зертхана қызметкерлерінің құзыреттігін бағалау төменде келтірілген барлық тәсілдерді немесе өндірістік орта бірдей болған жағдайда олардың кез келген амалдары арқылы жүзеге аса алады.:

- а) қауіпсіздік техникасын сақталуын, күнделікті жұмыс үдерісін және рәсімін тікелей бақылау;

- b) жабдықтарды күту және жұмыс тексерулерін тікелей қадағалау;
 - c) зерттеулердің нәтижелерін хабарлау және тіркеу рәсімін бақылау;
 - d) жұмыс жазбаларын тексеру;
 - e) мәселелерді шешу дағдыларын бағалау;
 - f) алдын ала зерттелген сынамалар секілді арнайы сынамаларды, зертхана аралық салыстырмалы сынақтар немесе бөлінген сынамалар материалдарын тексеру;
- 2 Сараптамалық бағалаудың құзыреттігін бағалау арнайы ұйымдастырылуы және өзінің белгілеуіне сай болуы керек.

5.1.7 Қызметкерлердің жұмысының тиімділігін талдау

Техникалық құзыреттікті бағалаумен қатар зертхана қызметкерлердің жұмыс тиімділігін талдау кезінде қызмет сапасын сақтау немесе арттыру мақсатында және жемісті әріптестікті жалғастыру үшін зертхана мен индивидуумының қажеттіліктерін ескеріп отыруы қажет.

Ескерпе – талдау жасайтын қызметкерлер тиісті оқытудан өтуі тиіс.

5.1.8 Үздіксіз білім алу және кәсіби даму

Үнемі оқыту бағдарламасы басқару және техникалық үдерістерге қатысатын барлық қызметкерлер үшін қолжетімді болуы тиіс. Қызметкерлер үздіксіз білім алуға қатысулары қажет. Бұл бағдарламаның тиімділігі ауық-ауық тексеріліп отыруы керек.

Қызметкерлер біліктілікті арттырудың жүйелі курстарына немесе кәсібіне, мамандығына байланысты басқа қызмет түрлеріне қатысулары керек.

5.1.9 Қызметкерлер туралы мәліметтер

Қызметкерлердің білімі, кәсіби біліктілігі, тәжірибесі мен оқыту курстары, сондай-ақ біліктілігін бағалау туралы жазбалар үнемі жүргізіліп отыруы тиіс.

Бұл жазбалар уәкілетті тұлға үшін қолжетімді болып, келесі мәліметтерді қамтуы тиіс, бірақ тек осы мәліметтермен шектелмейді:

- a) білімі мен кәсіби біліктілігі;
- b) сертификат немесе егер талап етілсе лицензия көшірмесі;
- c) алдыңғы жұмыс істеген орны туралы мәлімет;
- d) лауазымдық нұсқаулық;
- e) жаңа қызметкерлерді зертханадағы жұмыс шарттарымен таныстыру;
- f) ағымдағы кәсіби міндеттерді үйрету;
- g) құзыреттікті бағалау;
- h) үздіксіз білім алу және кәсіби деңгейді арттыру туралы жазбалар;
- i) қызметкерлер жұмысының тиімділігін талдау;
- j) апаттар мен қауіпті өндірістік факторлардың әсері туралы есептер;
- k) еңбек міндеттемелерін атқару үшін талап етілер болса, вакциналау жағдайы.

Ескертпе – Жоғарыда келтірілген жазбалардың зертханада сақталуы міндетті емес, қажет болған жағдайда кедергісіз, еркін алуға болатын басқа белгіленген жерлерде сақтала алады.

5.2 Үй-жай мен қоршаған орта шарттары

5.2.1 Жалпы ережелер

Зертхана көрсетілетін қызметтер сапасын, қауіпсіздігі мен тиімділігін, келушілер мен пациенттердің денсаулығы мен еңбегін қорғауды қамтамасыз ете отырып жұмысты жүргізуге мүмкіндік беретін үй-жайға ие болуы керек. Зертхана жұмыстарды жүргізуге арналған үй-жайдың жеткіліктілігі мен сайлығын белгілеуі және бағалауы керек.

Бастапқы сынамаларды іріктеу және зерттеулерді зертхана үй-жайынан тыс жерлерде жасау үшін де осындай жағдайлар жасалуы тиіс, мысалы, зертхананың қадағалауымен зерттеу емделу жерінде жасалғанда.

5.2.2 Зертханалық және қызметтік үй-жай

Зертханалық және олармен байланысты қызметтік үй-жайлар міндеттерді атқаруы үшін қолайлы, келесі шарттардың орындалуына кепілдік беретін өндірістік ортаны қамтамасыз етулері қажет:

а) зерттеу сапасына әсер ететін аймақтарға бақыланатын қолжетімдік.

Ескертпе - қолжетімдікті бақылау қауіпсіздік, құпиялық, сапа мен орын алған тәртіпті есепке алуы тиіс.

б) медициналық ақпарат, пациенттердің сынамалары мен зертханалық ресурстар санкцияланбаған қолжетімдіктен қорғалулары керек.

с) зерттеулерді жүргізуге арналған үй-жайлар энергия көздерін, жарықтандыруды, желдетуді, шудан қорғауды, сумен қамтамасыз етуді, қоқыс шығару мен өндірістік орта жағдайын есепке ала отырып, зерттеулердің рәсімдерін дұрыс жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

д) зертхана ішіндегі өзара байланыс жүйесі ақпаратты тиімді жеткізуді қамтамасыз ету үй-жайдың құрылысы мен көлеміне сай келеді.

е) үй-жай мен жабдықтардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілген және олардың жұмыс істеуі үнемі тексеріледі (расталады).

Мысалы– жұмыс аймағынан тыс орналасқан суық бөлмелер мен тоназытқыш камераларға арналған апатлық шығыс, байланыс пен дабыл жүйелері; шұғыл қажет болған жағдайда және т.б. көз жуу үшін құрылғылардың және апаттық душтардың қолжетімді болуы.

5.2.3 Сақтау үй-жайлары

Үй-жай мен сақтау шарттары зерттеу нәтижелерінің сапасына әсер етуі мүмкін сынамалардың, құжаттардың, жабдықтардың, реагенттер, шығыс материалдары, жазбалар, нәтижелер мен басқа материалдардың үнемі сақталуын қамтамасыз етуі керек.

ҚР СТ ISO 15189-2015

Жұмыс барысында қолданылатын клиникалық материалдар мен сынамалар бір-бірін ластамайтындай сақталуы керек.

Қауіпті материалдарды жою және сақтауға арналған үй-жайлар материалдардың қауіптілік деңгейіне және оларға қатысты белгіленген талаптарға сай болуы керек.

5.2.4 Қызметкерлерге арналған үй-жайлар

Санитарлық тораптарға, ауыз су көздері мен арнайы киімді сақтау үй-жайлары мен жеке қорғаныс құралдарының қолжетімділігі қарастырылуы керек.

Ескертпе – Мүмкіндігінше, зертханаларда жиналыстар өткізу үшін ұймараттар, жұмыс кабинеттері мен демалыс аймақтары болуы керек.

5.2.5 Сынамаларды жинау үй-жайы

Сынамаларды жинау үй-жайы алу/күту және жинау аймақтарына бөлінуі тиіс. Сынамаларды жинау барысында пациенттердің қажеттіктеріне, жағдайы мен құпиялылыққа (мүмкіндігі шектелген жандар үшін қолжетімділігі, дәретхана бөлмелері) және қосымша тұлғаларды (аудармашы немесе еріп жүрген тұлғаны) орналастыру жағдайларына ерекше назар аудару қажет.

Сынамаларды жинау жүзеге асатын үй-жайды зерттеу сапасына теріс әсер етпеген жағдайда сенімді нәтижелер алуға жағдай жасау керек.

Сынамаларды жинауға арналған үй-жайлар пациенттер мен қызметкерлерге алғашқы көмек көрсету үшін қажет құралдар болуы керек.

Ескертпе – Кейбір үй-жайларда жергілікті нормаларға сәйкес реанимация үшін жабдықтардың болуы қажет.

5.2.6 Үй-жайларға техникалық қызмет көрсету және өндірістік ортаның шарттары

Зертханалық үй-жайлар сенімді және жұмыс жағдайында болуы керек. Жұмыс аймағында тазалық пен тәртіп сақталуы керек.

Зертхана тиісті ережелер талап еткендей, немесе осы жағдайлар қызметкерлердің денсаулығына және/немесе нәтижелер, сынамалар сапасына әсер етуі мүмкін болғанда қоршаған ортаның жағдайын бақылауы, қадағалауы және тіркеуі керек. Жарықтандыруға, зарарсыздыққа, тозандануға, зиян және қауіпті булануларға, электромагниттік сәулеленуге, радиацияға, ылғалдылыққа, электро энергиямен жабдықтауға, температураға, дыбыс деңгейі мен дірілге, жұмыс үдерістерінің материалдық-техникалық қамсыздануына бұл факторлар зерттеудің сапасына теріс әсерін тигізбейтіндей немесе оның нәтижесінің шынайылығына күмән туғызбайтындай көңіл бөлінуі тиіс.

Онда сәйкес пейтін түрлер әрекеті жүзеге асырылатын зертхана секциялары сәйкес үлгіде бөлінген болуы керек. Зерттеулер қауіптілік тудырған жағдайдан емесе жұмыс нәтижелері жеке ұймаратта өткізілмегендіктен бүлінуі

мүмкін жағдайда айқаспаластанудың алдын алу үшін шаралар қабылдануы керек.

Зертхана мүмкіндігінше алаңдататын факторларсыз жайлы жағдай жасауы керек.

Ескертпе – мысалы цитопатологиялық скрининг, қан жасушалары мен микроорганизмдерді микроскопиялық дифференциациялау, молекулалық мутациялар нәтижелерін қарау мен бірізді реакциялардың мәліметтерін талдау сияқты алаңдататын факторларсыз жайлы және үздіксіз жағдай талап ететін жұмыстар жатады.

5.3 Зертханалық жабдық, реагенттер мен шығын материалдары

5.3.1 Жабдықтар

5.3.1.1 Жалпы талаптар

Зертханада жабдықтарды таңдау, сатып алу және тарату құжат түрінде ресімделуі тиіс.

Зертхана қызметтер көрсету үшін талап етілетін барлық жабдық заттарымен (бастапқы сынамаларды жинақтау, сынамаларды дайындау және өңдеу, зерттеу және сақтауды қоса) жарақталуы керек. Зертхана оның тұрақты бақылауынан тыс болатын жабдықты пайдалануды қажет ететін жағдайда, зертхана басшысы осы стандарт талаптарының сақталуын қамтамасыз етуі керек.

Қажет болған жағдайда зерттеу нәтижелерінің сапалы болуы үшін жабдықтарды ауыстыру қажет.

Ескертпе

1 Осы стандартқа сай зертханалық жабдық зертхананың ақпараттық жүйесін, өлшеуіш жүйесі мен құралдарды аппараттық және бағдарламалық жабдықтаудан тұрады.

2 Реагенттер стандарт үлгілерді, калибрлеу кезіндегі салыстыру эталондары мен сапаны бақылау деректерінен тұрады; шығын материалдары өсіру үшін қолайлы ортадан, микро өлшеуіштерден (тамызғыштың ұштарынан), заттық әйнектен тұрады.

3 сыртқы қызметтерді, жабдықтарды, реагенттер мен шығын материалдарын таңдау және сатып алу жөнінде ақпарат алу үшін 4.6 қараңыз.

5.3.1.2 Жабдықтың жарамдылығын тексеру

Жабдықты орнатқаннан кейін және қолданар алдында жабдықтың қажет өнімділікке жету мүмкіндігін тексеру қажет (сондай-ақ 5.5.1 қараңыз).

Ескертпе – Осы талап зертханада қолданылатын жабдыққа, зертхана бекіткен жылжымалы құрылғылар немесе бірігіп пайдаланылатын жабдықтарға, не уақытша берілген жабдықтарға жүреді.

Әр жабдық заты ерекше таңбалануы, белгіленуі немесе қандайда бір үлгімен сәйкестендірілуі керек.

5.3.1.3 Жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар

Жабдықпен тек рұқсат етілген және оқудан өткен қызметкер ғана жұмыс істей алады.

Жабдықты дайындаушы беретін жабдықты пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қолданыстағы нұсқаулықтар зертхана қызметкерлері үшін қол жетімді болуы керек.

Зертханада жабдықтың тозуы немесе ластануының алдын алу мақсатында жабдықты қауіпсіз өндеу, тасымалдау, сақтау тәртібі белгіленуі керек.

5.3.1.4 Жабдықты калибрлеу және метрологиялық бақылау

Зертханада зерттеу нәтижелеріне тура немесе жанама әсер ететін калибрлеудің құжатнамалық рәсімі белгіленуі керек. Бұл тәртіп келесі рәсімдерден тұрады:

- а) өндірушінің пайдалану шарттары мен нұсқаулықтарын есепке алу;
- б) калибрлеу эталондарының метрологиялық бақылауын және жабдықты калибрлеуді бақылауды жазу;
- с) белгіленген аралықтардағы өлшеуіш жүйе жұмысы мен өлшеудің қажет туралығын тексеру;
- д) калибрлеу дәрежесін және қайта калибрлеуді жүргізу мерзімін жазу;
- е) егер калибрлеу бірқатар түзету коэффициенттеріне түрткі болса, алдыңғы түзету көбейткіштерінің жаңартылуын қамтамасыз ету;
- ф) зерттеу нәтижелеріне күмән тудыратын ақаулар мен түзетулердің алдын алу үшін қорғаныс шараларын қолдану.

Метрологиялық бақылау стандартты үлгілер немесе референс-рәсімдер үшін қолжетімді болуы керек.

Ескертпе – стандарттық үлгілер немесе жоғары тәртіптегі бастапқы әдістеменің калибрлік бақылау жөніндегі құжатнамасы зерттеу жүйесінің өндірушісімен беріледі. Осындай құжат зерттеу жүйесі мен өндірушінің калибрлеу тәртібі өзгеріссіз қолданылатын уақыт аралығында жарамды.

Мүмкіндік немесе қажеттілік болмаған жағдайда нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз ету бойынша басқа құралдар қолданылады, бірақ тек осылармен ғана шектелмейді:

- сертификатталған стандарттық үлгілер;
- басқа рәсімдер арқылы зерттеу немесе калибрлеу;
- барлық мүдделі тараптармен нақты белгіленген, қарастырылған, сипатталған және өзара келісілген стандарттар немесе әдістер.

5.3.1.5 Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Зертханада кемі өндірушілер ұсыныстарына сәйкесетін құралдарды сақтандыру қызмет көрсету бағдарламасы құжатталып жүзеге асырылуы керек.

Жабдықтар қауіпсіз еңбек жағдайында және жұмыс күйінде болуы керек. Бұған уәкілетті қызметкерлердің апатты өшіру құрылғыларын, электрлік қауіпсіздікті, химиялық, биологиялық, радиоактивті материалдарды қауіпсіз

ҚР СТ ISO 15189-2015

қолдану мен жоюын тексеруді жатқызу керек. Ең кемі өндірушілердің жоспарлары және/немесе нұсқаулықтары қолданылуы тиіс.

Жабдықта ақау барлығы анықталған жағдайда оны пайдаланудан алып тастау, нақты таңбалау қойылуы керек. Зертхана ақауы бар жабдықтың жөндеу жұмыстары жүргізілмейінше пайдаланылмайтынына және қабылдаудың белгіленген критерийлеріне сәйкесетіндігін көрсетпейінше сәйкес түрде сақталатынына кепіл болу керек. Зертхана осы ақаудың алдыңғы зерттеулерге әсерін тексеруі және түзету әрекеттері мен дереу шаралар жүргізуі керек (4.10 қараңыз).

Зертхана жабдықты пайдаланар, жөндеп немесе қолданыстан шығарып тастар алдында зарарсыздандыру шараларын қолдануы, жөндеу үшін тиісті орынды және жеке қорғанудың тиісті құралын қамтамасыз етуі керек.

Егер жабдық зертхананың тікелей бақылауында болмаған жағдайда, онда оны қолданбас бұрын оның қызметтік сипаттамалары тексерілуі тиіс.

5.3.1.6 Жабдықты пайдалану кезіндегі қолайсыз оқиғалар туралы есеп

Жабдыққа тікелей қатысы бар қолайсыз оқиғалар мен жағдайлар талданады және қажетіне қарай, өндіруші мен тиісті органдарға хабарланады.

5.3.1.7 Жабдықтар жөніндегі жазбалар

Зерттеулерді орындау үшін пайдаланатын жабдықтың әр заты бойынша құжаттамаларды жүргізу ұйымдастырылуы керек. Бұл жазбалар кемі мыналарды өзіне қамтуы керек:

- a) жабдықты сәйкестендіру;
- b) өндіруші атауы, сәйкестендіру түрімен сериялық нөмірі немесе өзге сәйкестендіру;
- c) өндірушінің немесе жеткізушінің байланыс ақпараттарын;
- d) алған күні мен қолданысқа енгізілген күн;
- e) орналастыруын;
- f) алған кездегі шарттар (мысалы жаңа, қолданыста болған немесе қалпына келтірілген);
- g) өндірушінің нұсқаулығы;
- h) зертханаға әкелінген кездегі жабдықтың пайдалануға жарамдылығын растайтын жабдықтың пайдалану сипаттамаларының жазбалары;
- i) көрсетілген техникалық қызмет және профилактикалық техникалық қызмет көрсетудің кестесі;
- j) жабдықтың қазіргі уақыттағы пайдалануға жарамдығын растайтын жабдық жұмысы туралы жазбалар;
- k) жабдықтың жұмысының бүлінуін немесе бұзылуының, түрленуін немесе жөнделуін сипаттау.

«j» тармағында аталып өткен сипаттамаларды жазу күнін, уақыты мен нәтижелерін қоса барлық калибрлеулер және/немесе салыстырып тексерулер туралы есептер/сертификат көшірмелерін, реттеу, қабылдау критерийлерін, келесі калибрлеу және/немесе салыстырып тексерудің сәйкес күнін, сондай-ақ осы талаптар бөлігін орындау үшін техникалық

ҚР СТ ISO 15189-2015

қызмет көрсету/калибрлеу арасында бақылау жүргізу жиілігін қамтуы керек.

Бұл жазбалар жүргізілуі және жабдықтың қызмет ету мерзімі бойына немесе жазбаларды басқару рәсімдеріне сәйкес кез-келген уақыт кезеңінде қол жетімді болуы керек (4.13 қараңыз).

5.3.2 Реагенттер мен шығын материалдары

5.3.2.1 Жалпы ережелер

Зертхана реагенттер мен шығын материалдарын басқару мен сәйкестігін тексеруді, сақтау, қабылдау рәсімдерін құжат түрінде реттеуі керек.

5.3.2.2 Реагенттер мен шығын материалдарын алу және сақтау

Зертхана қабылдаушы ұйым болып табылмаған жағдайда, ол реагенттерді орналастыратын жер сатып алынатын материалдарды, олардың бүлінуі немесе бұзылуын болдырмау үшін нақты мүмкіндіктері бар екендігіне көз жеткізуі керек.

Алынған реагенттер мен шығын материалдары өндірушінің нұсқауларына сәйкес зертханада сақталуы қажет.

5.3.2.3 Реагенттер мен шығын материалдары. Қабылдау сынағы

Реагенттер немесе рәсімі өзгертілген зерттеуге арналған әр жаңа жинақ құрамына, жаңа топтама немесе жүк зерттеуде қолданылмас бұрын тексерілуі тиіс.

Зерттеу сапасына әсер етуі мүмкін шығын материалдары да, зерттеуде қолданылмас бұрын тексеріледі.

5.3.2.4 Реагенттер мен шығын материалдары. Қорларды басқару

Зертхана басшылығы реагенттер мен шығын материалдары қорларын бақылау жүйесін орнатуы керек.

Бұл жүйе тексерілмеген және үйлеспейтін реагенттер мен шығын материалдарын, жұмыс үшін қабылданған реагенттер мен шығын материалдарынан ажыратады.

5.3.2.5 Реагенттер мен шығын материалдары. Қолдану жөніндегі нұсқаулық

Реагенттер мен шығын материалдарын қолдану жөніндегі нұсқаулықтар, өндіруші ұсынған нұсқауларды қоса алғанда, қолжетімді болуы керек.

5.3.2.6 Реагенттер мен шығын материалдары – қолайсыз оқиғалар туралы есеп

Реагенттер мен шығын материалдарына тікелей қатысы бар қолайсыз оқиғалар мен жағдайлар талданады және қажетіне қарай, өндіруші мен тиісті органдарға хабарланады.

5.3.2.7 Реагенттер мен шығын материалдары. Жазбалар

Зерттеулерді тиімді жүзеге асыру үшін пайдаланатын әр реагент пен шығын материалдары бойынша жазбалар жүргізу ұйымдастырылуы керек.

Бұл жазбалар кемі мыналарды өзіне қамтуы керек:

- реагент немесе шығын материалын сәйкестендіру;
- өндіруші атауы, топтама коды немесе нөмірі;

с) өндірушінің немесе жеткізушінің байланыс ақпараттарын;

d) алған күнімен жарамдылық мерзімі аяқталған күнді, қолданысқа енгізілген күні мен мүмкіндігінше, қолданыстан шығарылатын күнін;

е) алған кездегі шарттар (мысалы, қолданысқа жарамды немесе жарамсыз);

f) өндірушінің нұсқаулығы;

g) зертханаға әкелінген кездегі реагент немесе шығын материалының пайдалануға жарамдығын растайтын жабдықтың пайдалану сипаттамаларының жазбалары;

h) реагент немесе шығын материалының қазіргі уақыттағы пайдалануға жарамдығын растайтын пайдалану сипаттамалары туралы жазбалар;

Зертхананың өзінде дайындалған реагенттерді қолданған жағдайда, жоғарыда көрсетілген тармақтардан басқа, реагенттерді жасаушы тұлғалар немесе тұлға туралы ақпарат және жасалу мерзімі жазылуы керек.

5.4 Сараптама алдындағы рәсімдер

5.4.1 Жалпы талаптар

Зертхана басшылығы зерттеу нәтижелерінің негізделуіне кепілдеме ретінде зерттеу алдында жүргізілетін жұмыстар туралы ақпарат пен құжатнамалық рәсімдердің болуын қамтамасыз етуі керек.

5.4.2 Тұтынушылар мен пациенттерге арналған ақпараттар

Зертхана тұтынушылар мен пациенттерге зертхана қызметтері туралы ақпарат беруі керек. Бұл ақпаратқа мына мәліметтер енеді:

a) зертхананың орналасқан жері;

b) зертхананың клиникалық қызметінің түрлері, басқа зертханалардағы жүргізілетін зерттеулерді қоса алғанда;

c) зертханалардың жұмыс уақыты;

d) ұсынылатын зертханалық зерттеулер тізілімі, қажет сынамалар, бастапқы сынамалардың көлемі, ерекше қауіпсіздік шаралары, зерттеуге жұмсалған уақыт (жалпы категориялар немесе зерттеу топтарында да беріле алатын), физиологиялық нормалар мен клиникалық шешімдердің маңызы туралы ақпаратты қоса алғанда;

e) өтінім формасын толтыру жөніндегі нұсқаулықтар;

f) пациентті дайындау туралы нұсқаулықтар;

g) пациенттерден алынатын сынамалар туралы нұсқаулықтар;

h) тасымалдау үшін қажет ерекше шарттарды ескере отырып, сынамаларды тасымалдау жөніндегі нұсқаулықтар;

i) пациент келісіміне қатысты талаптар (мысалы, дәрігерге жолдау қажет болған жағдайда денсаулық сақтау саласының тиесілі қызметкеріне клиникалық ақпаратты және отбасы оқиғасын жариялауға келісім беру);

j) сынамаларды алу және бас тарту критерийі;

ҚР СТ ISO 15189-2015

к) зерттеу жүргізуге немесе нәтижелерді талдауға әсер ететін факторлардың тізімі;

l) зерттеу нәтижелерін ұсыну және зерттеуге тапсырыс беруге қатысты клиникалық ұсыныстар беру;

m) жеке ақпаратты сақтаудағы зертхана саясаты;

n) шағымдарды қарастыру тәртібі.

Зертхана пациенттер мен тұтынушыларға олардың келісімін алу үшін клиникалық рәсімдерге сипаттама беретін толық ақпарат беруі тиіс. Пациент пен қолданушыға, қажет болған жағдайда, пациент пен оның отбасы туралы ақпарат берудің маңызын түсіндіру қажет (мысалы, генетикалық зерттеу нәтижелерін шығару үшін).

5.4.3 Зерттеуге арналған өтінім бланкісі

Өтінім бланкісінде немесе электрондық баламасында мыналар қосылатын орын қарастырылуы керек:

a) пациентті сәйкестендіру; пациенттің жынысы, туған күні мен тұрғылықты мекенжайы/байланыс ақпараты туралы ақпаратты және бірегей сәйкестендіргішті қоса алғанда;

Ескертпе – бірегей сәйкестендіргіш әріптік және/немесе сандық сәйкестендіргіштен тұрады, мысалы, аурухана номері мен жеке медициналық картаның нөмірі.

b) зерттеулерді сұрастыру немесе медициналық ақпаратты пайдалану үшін уәкілеттік берілген дәрігер немесе өзге ресми тұлғаның аты немесе өзге бірегей сәйкестендіруші, сондай-ақ сұралатын ақпараттың арналуы, сұрау салған тұлға мекен жайы өтінім бланкісінде ақпарат бөлігі ретінде көрсетілуі керек;

c) бастапқы сынама түрімен егер қажет болса, тегінің анатомиялық орны;

d) сұралатын зерттеулер;

e) зерттеу жүргізу және нәтижелерді талдау үшін клиникалық маңызды пациент және өтінім туралы деректер;

Ескертпе – зерттеуді өткізу және нәтижелерді ұсыну үшін қажет ақпарат пациенттің ата тегіне (генетикалық көрсеткіштер), отбасы оқиғасы, саяхаттары мен байланыстары, жұқпалы аурулары мен басқа да клиникалық маңызды ақпараттардан тұруы мүмкін. Сондай-ақ шотты ұсыну, қаржылық аудит, ресурстарды басқаруды тексеру және жою жөніндегі ревизия үшін қаржылық ақпарат қажет болуы мүмкін.

f) бастапқы сынаманы жинақтау күнімен уақыты, қажетіне қарай;

g) сынаманы алатын күні мен уақыты.

Ескертпе - Өтінім бланкісінің нысаны (мысалы электрондық немесе қағаз) және өтінімді зертханаға беру тәсілі зертханалық қызметті пайдаланушылармен түсіндіру жұмыстары кезінде анықталуы керек.

Зертхананың ауызша өтінімдерді жүзеге асыру тәртібі туралы белгіленген мерзімде өтінімге немесе оның электронды баламасына сәйкес растауды қарастырған, құжатталған рәсімі болуы керек.

Зертхана қолданушы немесе оның өкілдерімен, олардың өтінімдерін нақтылаған жағдайда, әріптестікке дайын болуы керек.

5.4.4 Бастапқы сынамаларды алу және өндеу

5.4.4.1 Жалпы талаптар

Бастапқы сынамаларды дұрыс жинақтауға және өндеуге арналған нақты нұсқаулықтар құжатталуы тиіс. Құжатталу рәсімі бастапқы сынамаларды жинақтауға жауапты тұлғаларға, олардың зертхана қызметкері болу, болмауына қарамастан қолжетімді болуы керек.

Егер тұтынушы сынама жинақтаудың құжатталған рәсімнен алып тастауды және бас тартуды, немесе құжатталған рәсімге толықтыру енгізуді талап еткен жағдайда ол туралы зерттеудің барлық құжаттарына жазбалар жасалып, барлық тиесілі қызметкерлерге хабарлануы тиіс.

Ескертпе

1 Пациентке қатысты қабылданатын барлық рәсімдер оған ескерту мен жүргізілуі керек. Көптеген қиын зертханалық рәсімдерге қатысты пациенттің келісімі, ол зерттеулер үшін өтінім бланкісімен зертханаға келуімен рәсімдер, мысалы күретамырды тесуге ерікті келісетін жағдайда алына алады. Ауруханада емделіп жатқан пациенттерге рәсімдерден бастарту мүмкіндігі берілуі керек.

Арнайы рәсімдер, олардың инвазивті тәсілдерін қоса, егжей-тегжей түсіндіруді және кейбір жағдайда жазбаша келісім беруді талап етеді. Бұл рәсімді өткізу салдарынан қиындықтар туындау мүмкіндігі болғанда аса қажет.

Пациент келісімін алу мүмкін болмайтын шұғыл жағдайларда және қажетті рәсімдерді жүргізу кезінде пациенттің жоғары талаптарын жетекшілікке алу керек.

2 Сұралатын ақпарат түріне сәйкес және алынатын бастапқы сынамаларды жинау мен алу кезінде құпиялылықты сақтау керек.

5.4.4.2 Сынамаларды алу алдында жүргізілетін жұмыстар жөніндегі нұсқаулық

Сынамаларды алу алдында жүргізілетін жұмыстар жөніндегі зертханалық нұсқаулықтар төмендегілерден тұру керек:

- a) өтінім немесе электрондық өтінім бланкісін толтыру;
- b) пациентті дайындау (мысалы, медициналық бикелер, күтушілер, сынама алушыларға және пациенттерге нұсқаулықтар);
- c) бастапқы сынамалармен кез келген қажетті қоспаларға арналған контейнерлерді сипаттаумен бастапқы сынамалардың түрі мен мөлшері;
- d) қажет болған жағдайда сынамаларды жинаудың арнайы уақыты;
- e) сынамаларды жинауға, зерттеуді өткізуге немесе нәтижелерді талдауға әсер ететін не қажет клиникалық ақпарат (мысалы: препараттарды егу тарихы).

5.4.4.3 Сынамаларды жинау жөніндегі нұсқаулық

Сынамаларды жинау жөніндегі нұсқаулықтар төмендегі мәліметтерден тұрады:

ҚР СТ ISO 15189-2015

- а) Бастапқы сынама алынған пациенттің тұлғасын сәйкестендіру;
- б) пациенттің бастапқы зерттеу жүргізудің талаптарына сәйкестігін тексеру [мысалы, аш қарын, дәрілерді қабылдауы (соңғы дозаны қабылдау, қабылдауды тоқтату уақыты), сынамаларды белгіленген уақытта немесе уақыт аралықтарында алу және т.б.];
- с) қажетті қоспаларға және бастапқы сынамаларға арналған контейнерлерді сипаттаумен берілген бастапқы қан мен басқа үлгілердің сынамаларын жинау жөніндегі нұсқаулықтар;
- д) егер бастапқы сынамаларды жинау клиникалық тәжірибенің бір бөлігі ретінде жүзеге асырылатын болса, бастапқы сынамалар мен кез келген қажетті қоспаларға арналған контейнерлерге қатысты ақпарат пен нұсқаулықтар, сынамаларды өңдеу мен тасымалдаудың шарттары анықталады және тиісті клиникалық қызметкерлерге хабарланады;
- е) пациенттермен нақты байланыс орнату үшін бастапқы сынамаларды таңбалауға қатысты нұсқаулықтар;
- ф) бастапқы сынаманы жинайтын тұлға туралы жазбаны ендіру, жинау күні, және қажетіне қарай жинау уақыты;
- г) жиналған сынамаларды зертханаға жеткізгенше дейін сақтау шарттары туралы нұсқаулықтар;
- h) жинау кезінде қолданылған материалдарды қауіпсіз жою.

5.4.5 Сынамалады тасымалдау

Сынамалар жиналғаннан кейінгі әрекеттерге қатысты нұсқаулықтар тасымалдау үшін сынамаларды орауды да қарастыру керек.

Зертхана сынамалар мына күйде тасымалданатындай тасымалдауға бақылау жүргізу туралы құжаттық рәсімдерді:

- а) сұралатын зерттеулер мен сәйкес зертханалық пәнге сай уақыт кезеңі бойына;
- б) бастапқы сынамаларды жинақтау бойынша жетекшілікте белгіленген температура жағдайында және сынамаларды бұзылудан сақтандыру үшін сәйкес консерванттарды пайдаланып;
- с) белгіленген талаптарына сәйкес сынаманың бүтіндігін және тасымалдаушы, қоғам мен қабылдаушы зертхана қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тәсілмен жүргізу керек.

Ескертпе - Бастапқы сынаманы жинауға және оны тасымалдауға қатыспайтын зертхана 5.4.5 с) тармағына сәйкес тұтастығы бұзылған немесе тасымалдаушыны, қоршаған ортаны қауіпке ұшыратуы мүмкін сынаманы алған жағдайда, қайталаудың алдын алу шаралары жөнінде жіберушімен дереу хабарласуы керек..

5.4.6 Сынамаларды алу

Сынамаларды алу рәсімі келесі талаптардың орындалуын талап етеді.

- а) сынамалар белгілі бір пациент немесе орын үшін өтінім және таңбалану арқылы бақыланып, жеткізіледі;

б) зертхана дайындаған және құжатталған сынамаларды алу және бас тартудың критерийлері қолданылады;

с) пациентті немесе сынаманы сәйкестендіруде қиындық туындаған, тасымалдауда кешіктіру болған немесе жарамайтын контейнерді пайдаланған, сынамалар көлемі жеткіліксіз болған немесе сынамалар клиникалық сыни не қалпына келтірілмейтін болған жағдайда, зертхана сынаманы жұмысқа қабылдайды, соңғы есеп қиындықтың сипатын көрсетуі керек, және нәтижелерді талдауда ұқыптылық талап етілетіні көрсетіледі;

д) барлық келген сынамалар қабылданған сынамаларды тіркеу журналына, жұмыс кестесіне, компьютерге және басқа тасымалдаушы құрылғыларда тіркеледі. Сынаманы қабылдау және/немесе тіркеу күні мен уақыты көрсетілуі, мүмкіндігінше, сынаманы қабылдаған тұлға туралы ақпарат жазылуы керек;

е) уәкілетті қызметкерлер белгіленген зерттеу үшін қабылдау критерийіне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін алынған сынамаларды бағалауы керек;

ф) орынды болған жағдайда арнайы шұғыл түрде деп белгіленген сынамаларды зерттеудің нәтижелерін хабарлау және зерттеу, қабылдау, таңбалау жөніндегі нұсқаулықтар болуы керек. Нұсқаулықтар өтінім мен сынама түрін кез келген арнайы таңбалау, зертханадағы зерттеу аймағына сынаманы жеткізу механизмі, қолданылатын өңдеудің кез келген жылдам тәсілі және зерттеулердің нәтижелері жөніндегі есептердің кез келген ерекше критерийлері туралы толық ақпараттан тұруы керек;

Бастапқы сынамалардың барлық бөлімдері түпкі бастапқы сынамаға қатысты да нақты сақталуы керек.

5.4.7 Зерттеу алдындағы жүгіну, дайындық пен сақтау

Зертханада пациенттің сынамаларын қорғау және сынамаларды сақтау мен дайындау, жүгіну кезіндегі зерттеуді өткізу алдындағы жұмыстар барысында зақымданудың, бүлінудің және жоғалудың алдын алу үшін тиісті құралдар мен белгіленген рәсімдер болуы керек

Зертханалық рәсімдер қажетті қосымша зерттеулер немесе сол бір бастапқы сынаманы ары қарай зерттеу үшін уақыттық шектеулерден тұруы керек.

5.5 Сараптамалық үрдістер

5.5.1 Зерттеу рәсімдерін таңдау, тексеру және валидациялау

5.5.1.1 Жалпы талаптар

Зертхана мақсатты түрде пайдалану үшін валидацияланған зерттеу рәсімдерін таңдауы керек. Зерттеу барысында жұмыстарды атқаратын қызметкерлер туралы жеке мәліметтер тиісті жазбаларда көрсетілуі керек.

Зерттеудің әр әдістемесі үшін белгіленген талаптар (техникалық сипаттамалар) осы зерттеудің нысаналы мақсатына сәйкес келуі керек.

Ескертпе – Қолайлы көрінген рәсімдер әдетте *invitro* медициналық құрылғыларын қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда немесе қолданыстағы/сенімді нұсқауларда, мұқият қарастырылған мәтіндер немесе журналдарда, не халықаралық келісілген стандарттарда немесе нұсқауларда, не мемлекеттік немесе аймақтық нұсқауларда беріледі.

5.5.1.2 Зерттеу рәсімін тексеру

Өзгеріссіз қолданылатын зерттеудің валидтелген рәсімдері қолданысқа дейін зертхананың тәуелсіз тексеруіне жатады.

Зертхана әдісті шығарушы/ әзірлеушіден рәсімнің жұмыс сипатын растау үшін ақпарат алуы керек.

Нақты мәліметтерді алу жолымен жүзеге асатын (жұмыс сипаттамалары түрінде), зертхананы тәуелсіз верификациялау зерттеу рәсімінің сапасын растайды. Тексеру үдерісі барысында расталған, зерттеу рәсімінің белгіленген сапа деңгейі зерттеу нәтижелерін мақсатты түрде қолдануға сәйкес болуы қажет.

Тексеру рәсімі мен алынған нәтижелерді құжаттау керек. Уәкілетті қызметкерлер тексеру нәтижелерін талдауы және талдау бойынша жазбаларды енгізуі керек.

5.5.1.3 Зерттеу рәсімін валидациялау

Зертхана келесі дереккөздерден алынған зерттеу рәсімін валидациялауды жүзеге асыруы керек:

- a) стандартқа сай емес әдістемелер;
- b) зертхана жасаған немесе дайындаған әдістер;
- c) өзінің мақсатты қолдану саласынан тыс қолданылатын стандартты әдістер;
- d) кейіннен өзгертілген валидацияланған әдістер.

Валидациялау үдерісі қажетіне қарай кең ауқымды болу керек және зерттеуді мақсатты қолдануға қатысты белгіленген талаптарды сақтау, объективті мәліметтерді ұсыну арқылы (тиімділік сипаттамасы түрінде) расталуы керек.

Ескертпе – зерттеу рәсімінің тиімділік сипаттамалары келесі мәселелерді қарастырады: өлшемді қалпына келтіру мен өлшемді аралық қалпына келтіруді қоса алғандағы өлшемнің нақтылығы мен туралығын, өлшем дұрыстығын; кедергілерді, сараптамалық сезімталдығын сараптамалық сезімталдығын, анықтау және сандық анықтау межесін, өлшеу аралығын, диагностика ерекшелігі мен диагностикалық сезімталдығын қоса алғандағы өлшем белгісіздігін, сараптамалық ерекшелігін.

Зертхана валидациялау рәсімін құжаттап және алынған нәтижелерге сәйкес жазбалар жүргізуі керек. Уәкілетті қызметкерлер валидациялау нәтижелерін талдап, талдау жөнінде жазбалар жүргізуі қажет.

Зерттеудің валидациялау рәсіміне өзгерістер енгізген жағдайда олар құжатталуы тиіс, қажетіне қарай жаңа валидациялау рәсімін өткізу керек.

5.5.1.4 Өлшенген мөлшерлердің мағыналарын өлшеудің белгісіздігі

Зертхана пациент сынамаларының өлшенген мөлшерінің мағынасын ұсынуға қолдану үшін әр өлшеу рәсіміне қатысты өлшем белгісіздігін анықтауы қажет. Зертхана әр зерттеу рәсімінің өлшем белгісіздігіне қойылатын талаптарды анықтауы және өлшем белгісіздігін бағалауды үнемі талдауы керек.

Ескертпелер

1 Белгісіздіктің тиесілі компоненттері өлшем процессіне сынамаларды енгізумен басталып және өлшенген мағынаны шығарумен аяқталатын нақты өлшем үдерісімен байланысты.

2 Өлшеудің белгісіздігі өлшеу рәсіміндегі ағымдағы өзгерісті, атап айтқанда, реагенттер мен калибрлеу құрылғыларының партиясының, түрлі операторлардың және жоспарланған құралдарға техникалық қызмет көрсетудің өзгеруін қарастыратын зертханалық нақтылық аясындағы жағдайларда бақылау үлгілерін сандық тұрғыдан бағалау арқылы алынған сандық мәндер арқылы есептеле алады.

3 Өлшемдердің белгісіздігін есептеулерді практикалық қолданудың мысалдары пациенттердің мәндері зертхана белгілеген сапа критерийлеріне сай екендігін және алынған бағалаудың алдыңғы мәнмен немесе клиникалық шешім шегіне сай келетінін негізделген түрде, салыстыра отырып растайды.

Өлшенген сандық мәндерді талдау кезінде өлшем белгісіздігін есепке алу қажет. Өлшемдердің белгісіздігін есептеу нәтижелерін зертхана өтінім бойынша тұтынушыларға қолжетімді болуы керек.

Егер зерттеу өлшеу қадамын қарастыра болса, бірақ өлшенген сандық мәнді ұсынбаса, егер бұл зерттеу рәсімінің сенімділігін бағалау үшін пайдалы болса немесе нәтижелерге әсер етсе, зертхана өлшем қадамының белгісіздігін есептеу қажет.

5.5.2 Биологиялық референттік аралық және/немесе клиникалық шешім мәні

Зертхана биологиялық референттік аралық және/немесе клиникалық шешім мәнін белгілеуі керек, биологиялық референттік аралық немесе клиникалық шешім мәнінің негізін құжаттау, осы ақпаратты тұтынушыларға хабарлау керек.

Биологиялық референттік аралық немесе клиникалық шешім мәні қызмет көрсетілетін популяцияға сай болудан қалса, қажет өзгертулер жасалуы және тұтынушыларға хабарлануы керек.

Зертхана сараптамалық немесе сараптама алдындағы рәсімдерін өзгерткен жағдайда, олармен байланысты биологиялық референттік аралық немесе клиникалық шешім мәнін тексеруі керек.

5.5.3 Зерттеу рәсімін құжаттау

Барлық рәсімдер құжатталуы және қызметкерлер үшін сәйкес орында болуы керек. Құжатталған рәсімдермен қажеттің ұсқаулықтар зертхана қызметкерлеріне түсінікті тілде орындалуы керек.

Құжаттардың сығымдалған форматы құжаттау рәсіміне сай болуы керек (мысалы, картотекалар немесе ұқсас жүйелер).

Ескертпелер

1 Жұмыс нұсқаулықтары, түйінді ақпарат берілген картотекалар немесе басқа ұқсас жүйелер анықтамалық мақсаттар үшін толық жетекшілік болған жағдайда жұмыс орнында жылдам анықтама үшін пайдаланылуы керек, алайда нұсқаулықтың толық мазмұны анықтама алу қажеттілігі туындаған жағдайда мүмкін болуы керек.

2 Өнімді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы ақпарат зерттеу рәсіміне сілтеменің көмегімен енгізілуі мүмкін.

Зерттеулер орындау туралы барлық құжаттар, рәсімдерді, жиынтық құжаттар, сығымдалған құжаттар мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар басқарылуы керек.

Құжаттарды бақылауды сәйкестендіруден басқа құжаттама егер қолданылатын болса, мыналарды қамтуы керек:

- a) зерттеулер мақсаты;
- b) зерттеу рәсімінің қағидаты мен әдісі;
- c) жұмыс сипаттамалары (5.5.1.2 және 5.5.1.3 қараңыз);
- d) бастапқысынама түрі (плазма, серум, зәр);
- e) пациентті дайындау;
- f) контейнер мен қоспа түрі;
- g) талап етілетін жабдық пен реагенттер;
- h) қоршаған ортаны қорғау мен қауіпсіздік;
- i) калибрлеу рәсімдері (өлшеу бірлігін қамтамасыз ету);
- j) рәсімдік кезеңдер;
- k) сапаны бақылау рәсімдері;
- l) бөгеуілдер (липемия, гемолис, билирубинемия, препараттар) және айқаспа реакциялар;
- m) өлшеулер кінәратын қоса нәтижелерді есептеуге арналған рәсім қағидаты;
- n) биологиялық бақылау аралықтары немесе клиникалық шешім мәні;
- o) зерттеулер нәтижелерінің аралығы;
- p) нәтиже өлшеу аралығынан тыс болған жағдайдағы сандық нәтижелердің анықтау жөніндегі нұсқаулық;
- q) сыни мәндер, қажет болған жағдайда;
- r) зертханалық клиникалық талдау;
- s) өзгерудің әлеуетті көздері;
- t) сілтемелер.

Нәтижелер немесе олардың талдамалары айтарлықтай өзгешеленуі үшін зерттеу рәсімін өзгерту қажет болған жағдайда зертхана қызметін пайдаланушыларды рәсімді валидациялаудан кейінгі аталмыш әрекеттердің салдары туралы ақпараттандыру қажет.

Ескертпе – Бұл талап жергілікті шарттарға сәйкес әр түрлі тәсілдер арқылы орындала алады. Кейбір әдістер пошта арқылы жіберуді, зертханалық ақпарат бюллетендерін немесе зерттеулер туралы есептер бөлімін қамтиды.

5.6 Зерттеулердің нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету

5.6.1 Жалпы талаптар

Зертхана зерттеулерді белгіленген шарттарда жүзеге асыру арқылы олардың сапасын қамтамасыз етуі керек.

Зерттеуге дейінгі және зерттеуден кейінгі тиісті рәсімдерді орындау керек (қараңыз: 4.14.7, 5.4, 5.7 және 5.8).

Зертхана нәтижелерді қолдан жасамауы керек.

5.6.2 Сапаны бақылау

5.6.2.1 Жалпы талаптар

Зертхана қажетті нәтижелерді алу мақсатында сапаны басқару рәсімдерін әзірлеуі тиіс.

Ескертпе—Кейбір елдерде сапаны бақылау сондай-ақ «ішкі сапаны бақылау» деп аталады.

5.6.2.2 Бақылау материалдары

Зертханада зерттеу жүйесіне пациент сынамаларына әрекет еткендей әрекет ететін бақылау үлгілері болуы керек.

Сапаны бақылау бойынша материалдарды жүйелі тексеріп отыру керек. Тексерулердің жиілігі рәсімнің тұрақтылығына және қате нәтижелері себебінен пациентке зиян келтіру қаупіне байланысты.

Ескертпелер

1 Мүмкін жерлерде, әсіресе шешімдердің сенімділігін қамтамасыз ететін клиникалық шешімдердің шеңберінде бақылау материалдарының шоғырлануын таңдау қажет.

2 Сондай-ақ бақылау материалдарының орнына немесе қосымша реагенттердің немесе құралдың өндірушісі жеткізетін үшінші тараптардың материалдарын қолдануға болады.

5.6.2.3 Сапаны бақылау мәліметтері

Зертхана сапаны бақылау кезінде сәйкессіздіктер анықталған жағдайларда нәтижелерді шығаруға тосқауыл қою тәртібін бекітуі тиіс.

Сапаны бақылау ережелерін бұзған және зерттеу нәтижелерінде айтарлықтай қателіктер анықталған жағдайда, нәтижелер кері қайтарылуы керек және қателіктің туындау себебін анықталғаннан және жұмыстарды белгіленген межелерде тексергеннен кейін пациенттің тиісті сынамалары қайтадан зерттелуі керек. Сондай-ақ зертхана пациенттердің сынамаларын тексеру нәтижелерін бағалауды соңғы сәтті сапаны бақылаудан кейін жүргізуі керек.

Сапаны бақылау бойынша мәліметтер тексеру жүргізудегі зерттеу жүргізу жүйесіндегі мәселелерді көрсете алатын үрдістерді анықтау мақсатында белгілі уақыт аралықтарынан кейін қайта қарастырылуы керек. Мұндай өзгерістер анықталғанда, алдын алу әрекеттерін қолға алу керек және қолға алынған әрекеттер туралы жазбалар жүргізу керек.

Ескертпе – зерттеу жүйесінің жұмысын үздіксіз бақылау үшін статистикалық және статистикалық емес әдістерді қолдану керек.

5.6.3 Зертханааралық салыстырмалы сынақтар

5.6.3.1 Қатысу

Зертхана қызметкерлері зерттеулерге және зерттеулердің нәтижелеріне қатысты зертханааралық салыстырмалы сынақтардың (сапаны сырттай бағалау бағдарламасы немесе біліктілікті тексеру бағдарламасы сияқты) бағдарламасына (бағдарламаларында) қатысуы керек. Сондай-ақ зертханааралық салыстырмалы сынақтардың бағдарламасын (бағдарламаларын) нәтижелерін бақылау керек және бекітілген орындау критерийлерін орындамағанда, түзету әрекеттерін орындауға қатысу керек.

Ескертпе – Зертхананың қызметкерлері ISO/IEC 17043 талаптарына көбірек сәйкес зертханааралық салыстырмалы сынақтардың бағдарламаларына қатысулары керек.

Зертханааралық салыстырмалы сынақтарға қатысудың белгілі міндеттер мен қатысу бойынша нұсқауларды және зертханааралық салыстырмалы сынақтардың бағдарламасында қолданылатын критерийден өзгешеленетін орындау критерийлерін қарастыратын құжатталған рәсімі болуы керек.

Зертхана таңдаған зертханааралық салыстырмалы сынақтардың бағдарламасы (бағдарламалары) мүмкіндігінше пациенттердің сынамаларын ұқсататын және, мүмкіндігіне қарай, сараптауға дейінгі, сараптау кезіндегі және сараптаудан кейінгі үдерістерді қоса түгелдей зерттеу үдерісін тексеруге мүмкіндік беретін клиникалық маңызды міндеттерді беруі тиіс.

5.6.3.2 Баламалы амалдар

Зертханааралық салыстырмалы сынақтарға қол жеткізілмеген жағдайда, зертхана басқа әдістер әзірленуі керек және зерттеу нәтижелерінің жарамдылығын анықтау үшін объективті мәліметтер берілуі тиіс.

Мүмкіндік болғанда тиісті материалдарды қолданыңыздар.

Ескертпе – Материалдардың мысалдары:

- сертификатталған стандартты үлгілер;
- бұған дейін зерттелген сынамалар;
- жасушалар немесе тіндер қоймасынан материал;
- өзге зертханалармен сынамалармен алмасу;
- зертханааралық салыстырмалы сынақтардың бағдарламаларында күнделікті сыналатын бақылау материалдары.

5.6.3.3 Зертханааралық салыстырмалы сынақтардан сынамаларды алу

Зертхана зертханааралық салыстырмалы үлгілерді жұмыс үдерісіне пациенттердің сынамаларын өңдеу рәсіміне мүмкіндігінше сәйкес болатындай біріктіруі тиіс.

Зертханааралық салыстырмалы сынақтардың сынамаларын пациенттердің сынамаларын тура сол пациенттердің сынамаларын тексеруге

қолданылатын рәсімдерді қолданатын күнделікті зерттеулерге жауапты қызметкерлер тексеруі тиіс.

Зертхана мәліметтерді зертханааралық салыстырмалы сынақтар бағдарламасының басқа қатысушыларына мәліметтерді беру күніне дейін хабарламауы керек.

Зертхана бұл рәсім әдетте пациенттердің сынамаларымен өткізілетіндігіне қарамастан, зертханааралық салыстырмалы сынақтардың сынамаларын растайтын зерттеулерге мәліметтер берілгенге дейін бермеуі керек.

5.6.3.4 Зертханалық зерттеулердің нәтижелерін бағалау

Зертханааралық салыстырмалы сынақтар аясындағы жұмыс тиісті қызметкерлер арасында талдануы және талқылануы керек.

Жұмыстың белгілі критерийлерін орындамағанда (яғни сәйкессіздіктер орын алғанда), қызметкерлер түзетуші әрекеттерді орындау мен тіркеуге қатысулары керек. Түзетуші әрекеттердің тиімділігін бақылау жүргізілуі керек. Қайтарылған нәтижелер әлеуетті сәйкессіздіктерді көрсететін үрдістердің болуына талдануы керек және алдын алу әрекеттері қолға алынуы тиіс.

5.6.4 Зерттеу нәтижелерінің салыстырмалылығы

Рәсімдерді, жабдықтарды және әдістерді салыстырудың және клиникалық тиімді аралықтар ішінде пациенттер сынамаларының салыстырмалылығын анықтаудың белгілі рәсімдері болуы тиіс. Олар сондай-ақ сол немесе басқа рәсімдерге, жабдықтарға, түрлі учаскелерге немесе жоғарыда аталғандардың барлығына қолданылады.

Ескертпе—Өлшеу нәтижелері сол сілтеме бойынша метрологиялық тексерілетін жағдайда, нәтижелер, калиблеу аспаптары алмастырылатындай жағдайда, метрологиялық салыстырмалылыққа ие.

Зертхана тұтынушыларға нәтижелердің салыстырмалылығының өзгеруі туралы хабарлауға және өлшем жүйелері бірдей өлшенетін мөлшер бойынша (мысалы, глюкоза) әр түрлі өлшеу аралықтарын берсе және зерттеу әдістері өзгерген жағдайда, клиникалық тәжірибе үшін кез келген салдарларды талқылауға міндетті.

Зертхана жүзеге асырылған салыстырмалы сынақтардың нәтижелері бойынша құжаттауға, жазуға және, қажеттілікке қарай, жедел әрекеттерді қолға алуға міндетті. Анықталған мәселелер мен кемшіліктер, тиісті әрекеттермен сүйемелденуі керек, олардың жазбалары сақталуы тиіс.

5.7 Сараптаудан кейінгі рәсімдер

5.7.1 Нәтижелерді талдау

Зертхана уәкілетті қызметкерлердің зерттеулердің нәтижелерін, қолжетімді клиникалық ақпаратты шығарғанға дейін талдауын және ішкі

ҚР СТ ISO 15189-2015

сапаны бақылау жүйесі және алдыңғы зерттеу нәтижелері бойынша бағалауын қамтамасыз ететін рәсімдерді белгілеуі керек.

Егер нәтижелерді талдау рәсімі автоматты іріктеуді және есеп беруді қамтыса, талдаудың қажетті критерийлерін белгілеу, бекіту және тіркеу керек (қараңыз: 5.9.1).

5.7.2 Клиникалық сынамаларды сақтау, сақтап қалу және жою

Зертхана клиникалық сынамаларды сәйкестендіру, жинау, сақтап қалу, индексстеу, ұсыну, сақтау, өңдеу және қауіпсіз жою рәсімдерін бекітуі және тіркеуі тиіс.

Зертхана клиникалық сынамаларды сақтау ұзақтығын анықтайды. Сақтау ұзақтығы сынаманың, зерттеудің қасиетіне және кез келген қолданылатын талаптарға байланысты болуы керек.

Ескертпе – Белгілі рәсімдерге (мысалы, гистологиялық зерттеулер, генетикалық зерттеулер, педиатрлық зерттеулер) қатысты заңды жауапкершілік белгілі сынамаларды басқа сынамалармен салыстырғанда, ұзағырақ уақыт сақтауды талап ете алады.

Қауіпсіз жою жергілікті нормалар мен қалдықтарды жою жөніндегі ұсыныстарға сәйкес жүзеге асырылады.

5.8 Нәтижелер туралы есеп

5.8.1 Жалпы талаптар

Әрбір зерттеудің нәтижелері зерттеу рәсімінің нақты нұсқаулықтарына сәйкес, дұрыс, айқын және бір мағыналы формада хабарлануы керек.

Зертхана нәтижелерді хабарлаудың форматы мен құралдарын (яғни электронды немесе қағаз тасымалдағыш) және хабарды жеткізу тәсілдерін анықтайды.

Зертхана зертханалық нәтижелердің мағынасын ашудың нақтылығын қамтамасыз ететін рәсімді бекітуі тиіс.

Есептер зерттеу нәтижелерін түсіндіру үшін ақпаратты қамтуы керек.

Зертхана пациенттің емделуіне кері әсерін тигізуі мүмкін уақыт жағынан кідіріс орын алған кезде, өтінім бастамашысын хабарландыру рәсімін бекітеді.

5.8.2 Есеп атрибуттары

Зертхана келесі атрибуттар зертханалық нәтижелерді жеткізуін және тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруын қамтамасыз етуі керек:

а) зерттеулердің нәтижелеріне күмән келтіруі мүмкін сынамалардың сапасына қатысты пікірлер;

б) сынамалардың қабылдап алу/бас тарту критерийлеріне сәйкестігі туралы пікірлер;

с) қолданылуы мүмкін болса, сыни маңызды нәтижелер;

д) автоматты іріктелетін және соңғы есепте хабарланатын нәтижелердің түсіндірілуінің верификациясын қамтуы мүмкін нәтижелерге қатысты түсіндіру пікірлері (қараңыз: 5.9.1).

5.8.3 Есептің мазмұны

Есеп келесілерді қамтуы керек, бірақ олармен шектелмейді:

- а) зерттеудің нақты және бір мағыналы сәйкестендірілуін және қажет жағдайда, зерттеу рәсімін;
- б) есепті ұсынатын зертхананың атауын;
- с) көмекші зертхана жүзеге асыратын барлық зерттеулердің сәйкестендірілуін;
- д) пациент және оның орналасқан жерінің әрбір бетте сәйкестендірілуін;
- е) өтінімге бастаушының аты немесе өзге сәйкестендіргіші және оның байланыс мәліметтері;
- ф) бастапқы сынамаларды жинау күні; (пациентке көмек көрсетуге мүмкін және мәнді уақыт);
- г) бастапқы сынамалардың түрі;
- h) қажет жерлерде өлшем рәсімі;
- і) ӨЖ бірліктерімен берілетін зерттеу нәтижелері, ӨЖ бірліктеріне дейін бақыланушылығы және басқа қолданылатын өлшемдер;
- j) биологиялық референтті аралықтар биологические және/немесе клиникалық шешімдердің мәндері, қолданылатын жерлерде клиникалық шешімдердің мәндерін растайтын диаграммалар/номограммалар.

Ескертпе – Кейбір жағдайларда есептерді алу жерлерінде барлық зертханалық қызметтерді пайдаланушылардың арасында биологиялық референтті аралықтардың тізімдері мен кестелерін тарату қажет болады.

к) нәтижелерді түсіндіру (қажеттілік бойынша);

Ескертпе – Нәтижелерді толық түсіндіру үшін зертхананың қолы жетпейтін клиникалық ақпаратты білу қажет болуы мүмкін.

l) ескертуші немесе түсіндіруші, ескертпелер сияқты басқа пікірлер (мысалы, нәтижелерге, көмекші зертханалардың нәтижелеріне/түсіндірулеріне, дамыту жөніндегі рәсімдерге әсер етуі мүмкін бастапқы сынамалардың бейімділігі мен сапасына қатысты);

m) олар үшін өлшемдерге ерекше талаптар қойылмайтын ғылыми бағдарлама немесе даму бағдарламасы аясында жүргізілетін зерттеулердің сәйкестендірілуі;

n) нәтижелерді тексеретін және есептерді беруге уәкілетті тұлғаның сәйкестендірілуі (егер есепте көрсетілмеген болса, қажет жағдайда қол жетімді болуы тиіс);

о) есептің күні және шығару уақыты (егер ақпарат есепте көрсетілмеген болса, қажет жағдайда қол жетімді болуы тиіс);

р) беттердің жалпы санының ішіндегі бет саны (мысалы, 5 беттің ішіндегі 1 бет, 5 беттің ішіндегі 2 бет).

5.9 Нәтижелерді беру

5.9.1 Жалпы талаптар

Зертхана нәтижелерді кім және кімге бере алатындығына қатысты ақпаратты қоса зерттеу нәтижелерін берудің құжатталған рәсімін әзірлеуі керек. Рәсімдер келесі шарттардың орындалуын қарастыруы керек.

а) егер алынған бастапқы сынамалардың сапасы зерттеуге жарамаса және нәтижеге әсер етуі мүмкін болса, бұл жәйт есепте көрсетіледі;

б) егер зерттеу нәтижелері «сыни» аралықтарға жатса:

- кідіріссіз емдейтін дәрігерге (немесе басқа уәкілетті медициналық қызметкерге) хабарлау керек, [бұл сонымен қатар көмекші зертханада зерттелген сынамалардан алынған нәтижелерге де қатысты (қараңыз: 4.5)];

- хабарлау кезіндегі барлық қиындықтарды қоса хабарлау күнін, уақытын, хабарланған жауапты медициналық қызметкерді және берілген зерттеу нәтижелерін тіркеу бойынша барлық әрекеттер құжатталады және сақталады.

с) нәтижелер айыруға болатын, мағынасын айыруда қатесіз, қызметкерлерге, мәліметті алуға және алынған мәліметті пайдалануға уәкілеттіге беріледі;

д) егер нәтижелер алдын ала есеп түрінде берілсе, соңғы есеп өтінім берушіге беріледі;

е) нәтижелерді тек уәкілетті тұлғаларға телефон немесе электронды құралдар арқылы беруді қамтамасыз ететін рәсімдер болады. Нәтижелерді ауызша түрде бергенде, жазбаша есеп сонымен қатар берілуі керек. Ауызша берілетін барлық нәтижелердің жазбаларын жүргізу керек.

Ескертпелер

1 Кейбір зерттеулердің нәтижелері үшін арнайы ақыл-кеңес қажет болуы мүмкін (мысалы, белгілі генетикалық және инфекциялық ауруларды зерттеу). Салмақты қорытындылар шығаратын нәтижелер пациентке тура күйінде тиісті ұсыныстар беру мүмкіндігінсіз берілмеуі керек.

2 Кез келген пациентті сәйкестендіру ақпараты көрсетілмеген зертханалық зерттеулердің нәтижелері эпидемиологиялық, демографиялық және өзге статистикалық талдаулар үшін қолданыла алады.

Сондай-ақ 4.9 т. қараңыз.

5.9.2 Автоматты таңдау және нәтижелерді хабарлау

Егер зертхана автоматты таңдау және нәтижелерді хабарлау жүйесін қолданса, келесілерді қамтамасыз ететін рәсімді белгілеу керек:

а) автоматты таңдау және есеп беру критерийлері анықталған, мақұлданған, қолжетімді және қызметкерлерге түсіндірілген;

Ескертпе – Сондай-ақ автоматты таңдау және есеп беруде алдыңғы мәндердің өзгеруін, олар тексерілуі тиіс, және зертханалық қызметкерлердің араласуын талап ететін мәндер, мысалы, ақылға сыймайтын, екіталай және сыни мәндерді есепке алу керек.

б) критерийлер қолдануға дейін сенімділікке валидацияланған және жүйеге оның қызмет етуін өзгерте алатын өзгерістер енгізгеннен кейін верификацияланған;

с) зерттеулердің нәтижелеріне ықпал етуі мүмкін сынамаларды бұрмалаудың орын алғандығын анықтайтын рәсімдер болады (мысалы, гемолиз, сары ауру, липемия);

д) қолданылуы мүмкін жерлерде, сараптамалық ескертпелі хабарларды аспаптардан автоматты таңдау және есеп беру критерийлеріне орын ауыстыру рәсімі болады;

е) автоматты есептер үшін іріктелетін нәтижелер талдау кезінде шығаруға дейін сәйкестендірілуі тиіс және күні мен таңдау уақыты көрсетілуі керек;

ф) автоматты таңдауды және есеп беруді тез тоқтату рәсімі болады.

5.9.3 Қайта қарастырылған есептер

Есептердің түпнұсқаларын өзгерту үшін есептерді редакциялау бойынша келесілерді білдіретін жазбаша нұсқаулықтар болуы керек:

а) түзетілген есеп өзгертілген басылым ретінде нақты сәйкестендіріледі және бастапқы есептегі күнге және пациенттің мәліметтеріне сілтеме жасалады;

б) тұтынушыны өзгеріс туралы хабардар ету керек;

с) түзетілген жазбада түзету күні мен уақыты және түзету енгізген адамның аты-жөні көрсетіледі;

д) өзгерістер енгізгенде, бастапқы есептің мәліметтері сақталады.

Түзетілген және клиникалық шешім қабылдауға қол жетімді нәтижелер келесі жиынтық есептерде сақталады және өзгертілген деп нақты белгіленеді.

Егер есептерді беру жүйесі өзгерістерді немесе түзетулерді сақтай алмаса, тиісті жазба сақталады.

5.10 Зертханалық ақпаратты басқару

5.10.1 Жалпы талаптар

Зертхана тұтынушылардың мұқтаждықтары мен талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге қажетті мәліметтер мен ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

Зертхана пациент туралы ақпараттың құпиялылығын түгелдей уақыт ішінде сақтау үшін рәсімді белгілеуі керек.

Ескертпе – Осы стандартта «ақпараттық жүйелер» термині автоматтандырылған және автоматтандырылмаған жүйелерде сақталған мәліметтерді және ақпаратты басқаруды қамтиды. Кейбір талаптар автоматтандырылмаған жүйелерге қарағанда, автоматтандырылған жүйелерге көбірек қолданылуы мүмкін. Автоматтандырылған жүйелерге зертханалық жабдықтардың құрамдас бөліктері немесе ақпарат пен есептерді түзу, салыстыру, хабарлау және архивтеу үшін қолданылатын мәтінді өңдеуге арналған қосымшалар сияқты кешенді бағдарламалық қамсыздандырудың негізіндегі автономды жүйелер жата алады.

5.10.2 Уәкілеттіктер және жауапкершілік

Зертхана пациенттерді емдеуге ықпал ете алатын, ақпараттық жүйені басқару үшін, оның ішінде қолдау мен ақпараттық жүйені (жүйелерді) модификациялауға құқықтар мен жауапкершіліктердің анықталуын қамтамасыз етуі керек.

Зертхана жүйені пайдаланатын барлық қызметкерлердің құқықтары мен жауапкершілігін анықтауы керек, оның ішінде:

- a) пациенттің мәліметтері мен пациент туралы ақпаратқа қолы жететіндердің;
- b) пациент туралы мәліметтерді және зерттеу нәтижелерін енгізуді жүзеге асыратындардың;
- c) пациент туралы мәліметтерге және зерттеу нәтижелеріне өзгеріс енгізетіндердің;
- d) Нәтижелерді және зерттеулердің есептерін ұсынуға рұқсат беретіндердің.

5.10.3 Ақпараттық жүйені басқару

Мәліметтерді жинауға, өңдеуге, тіркеуге, хабарлауға, сақтауға, шығаруға қолданылатын жүйе(лер) келесі талаптарға сай болуы керек:

a) жеткізушімен валидацияланған болуы және зертханамен енгізуге дейін тексерілуі тиіс, жүйеге енгізілген кез келген өзгерістер верификацияланады, бекітіледі және енгізуге дейін құжатталады;

Ескертпе - Валидация және верификация, егер қолдану мүмкін болса, зертхананың ақпараттық жүйесі мен басқа жүйелер, мысалы зертхананың өлшеу аппаратурасы, ауруханаға жатқызылған ауруларды басқару жүйелері және алғашқы медициналық көмек жүйелері арасында түйіндесу жабдықтарының жұмысын қамтиды.

b) Құжаттар құжатталады, оның ішінде жүйенің күнделікті жұмысы туралы жазбалар уәкілетті қолданушылар үшін қолжетімді болуы тиіс;

c) заңсыз қол жеткізуден қорғалған болады;

d) қолдан жасаудан және жоғалтудан қорғалған болады;

e) жеткізуші көрсеткен техникалық талаптарға сәйкес жұмыс істейді, автоматтандырылмаған жүйелерде жазбаларды қолмен енгізудің және мазмұнын айырудың нақтылығын қамтамасыз ететін жағдайларда жұмыс істейді;

f) жүйенің шалысуларын тіркеуді және қажетті кідіріссіз және түзетуші әрекеттерді қоса мәліметтер мен ақпараттың толықтығын қамтамасыз ете отырып, жұмыс қалпында сақталады;

g) мәліметтерді қорғауға қатысты ұлттық және халықаралық талаптарға сәйкес болады.

Зертхана ақпарат пен пікірлерге сәйкес зерттеу нәтижелері орынды жерлерде тура ақпарат алуға арналған сыртқы ақпараттық жүйелер (мысалы, компьютерлік жүйелер, факсимильді аппараттар, электронды пошта, веб-сайттар, жеке веб-құрылғылар) арқылы электронды және қағаз тасымалдағыштарда нақты жаңғыртылуы үшін растап отыруы керек. Жаңа зерттеулерді жүзеге асыру және автоматты пікірлерді түзу кезінде зертхана

ҚР СТ ISO 15189-2015

өзгерістердің тура ақпарат алуға арналған сыртқы ақпараттық жүйелер арқылы нақты жаңғыртылуы үшін растауы тиіс.

Зертханада төтенше жағдайларда, зертхананың қызмет көрсету қабілетіне әсер ететін шалыстар немесе ақпараттық жүйелердің тоқтап қалуы кезінде жүйелерді жұмыс қалпында сақтап тұру үшін құжатталған әрекеттер жоспары болуы керек.

Егер ақпараттық жүйе(лер) қашықтықтан немесе қосалқы мердігерлік келісім-шарты бойынша балама жеткізушімен басқарылса және қызмет көрсетілсе, зертхананың басшылығы оператор немесе жүйені жеткізуші осы стандарттың қолданылатын барлық талаптарына сәйкес болуына жауап береді.

А қосымшасы
(ақпараттық)

ISO 9001:2008 және ISO/IEC 17025:2005 арасындағы сәйкестік

ISO 9000 сериясының сапа жүйесі бойынша құжаты сапа менеджменті жүйесінің стандарттары үшін негізгі құжат болып табылады. А.1 кестесінде осы халықаралық стандарт пен ISO 9001:2008 арасындағы концептуалды арақатынас көрсетілген.

Осы басылымның форматы ISO/TK 212 медициналық (клиникалық) зертханалардың ерекшелігін ескере отырып, осы халықаралық стандарттың құрылымының моделі ретінде қолданатын ISO/IEC 17025:2005 форматын айна қатесіз көрсетеді. А.2 кестесінде осы екі құжаттың салыстырылуы берілген.

А.1 кесте – ISO 9001:2008 және осы стандарт арасындағы сәйкестік

ISO 9001:2008	ISO 15189:2012
1 Қолдану саласы	1 Қолдану саласы
1.1 Жалпы ережелер	
1.2 Қолдану	
2 Нормативтік сілтемелер	2 Нормативтік сілтемелер
3 Терминдер мен анықтамалар	3 Терминдер мен анықтамалар
4 Сапа менеджменті жүйесі	4.2 Сапа менеджменті жүйесі
4.1 Жалпы талаптар	4.2.1 Жалпы талаптар
4.2 Құжаттамаға қойылатын талаптар	4.2.2 Құжаттамаға қойылатын талаптар 5.5.3 Зерттеу рәсімдерін құжаттау
4.2.1 Жалпы ережелер	4.2.2.1 Жалпы талаптар
4.2.2 Сапа жөніндегі нұсқаулық	4.2.2.2 Сапа жөніндегі нұсқаулық
4.2.3 Құжаттаманы басқару	4.3 Құжаттаманы басқару
4.2.4 Жазбаларды басқару	4.13 Жазбаларды басқару 5.1.9 Қызметкерлер туралы мәліметтер 5.3.1.7 Жабдықтар жөніндегі жазбалар 5.3.2.7 Реагенттер мен шығын материалдары. Жазбалар 5.8.5 Есептің мазмұны
5 Басшылықтың жауапкершілігі	4 Менеджментке қойылатын талаптар 4.1 Ұйым және басшылықтың жауапкершілігі 4.1.1 Ұйым 4.1.2 Басшылықтың жауапкершілігі
5.1 Басшылықтың міндеттемелері	4.1.2.1 Басшылықтың міндеттемелері
5.2 Тұтынушыға бағытталу	4.1.2.2 Қолданушылардың қажеттіліктері
5.3 Сапа саласындағы саясат	4.1.2.3 Сапа саласындағы саясат
5.4 Жоспарлау	4.1.2.4 Сапа саласындағы мақсаттар және жоспарлау
5.4.1 Сапа саласындағы мақсаттар	4.1.2.4 Сапа саласындағы мақсаттар және жоспарлау

ҚР СТ ISO 15189-2015

5.4.2 Сапа менеджменті жүйесін жасауды, қолдауды және жақсартуды әзірлеуді жоспарлау	4.1.2.4 Сапа саласындағы мақсаттар және жоспарлау
5.5 Жауапкершілік, уәкілеттіктер және ақпаратпен алмасу	4.1.2.5 Жауапкершілік, құқықтар және қарым-қатынастар
5.5.1 Жауапкершілік және уәкілеттік	4.1.2.5 Жауапкершілік, құқықтар және қарым-қатынастар
5.5.2 Басшылықтың өкілі	4.1.2.7 Менеджмент жүйесінің сапасына жауапты
5.5.3 Ішкі ақпарат алмасу	4.1.2.6 Қызметкерлермен байланыс
5.6 Басшылық тарапынан талдау	4.15 Басшылық тарапынан талдау 4.15.1 Жалпы талаптар
5.6.2 Талдау үшін кіріс мәліметтері	4.15.2 Талдау үшін кіріс мәліметтері 4.15.3 Талдау бойынша әрекеттер
5.6.3 Талдаудың кіріс мәліметтері	4.15.4 Талдау нәтижелері
6 Ресурстар менеджменті	5 Техникалық талаптар 5.3 Зертханалық жабдықтар, реагенттер мен шығын жабдықтары
6.1 Ресурстармен қамтамасыз ету	
6.2 Адам ресурстары	5.1 Қызметкерлер
6.2.1 Жалпы ережелер	5.1.1 Жалпы ережелер 5.1.2 Қызметкерлердің біліктілігі 5.1.3 Лауазымдық нұсқаулықтар 5.1.4 Қызметкерлерді ұйымдастыру ортасына енгізу
6.2.2 Құзыреттік, дайындық және хабардарлық	5.1.5 Оқыту 5.1.6 Құзыреттікті бағалау 5.1.7 Қызметкерлердің жұмысының тиімділігін талдау 5.1.8 Кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру
6.3 Инфрақұрылым	5.2Үй-жай мен қоршаған орта шарттары 5.2.1 Жалпы талаптар 5.2.2 Зертханалық және қызметтік ұйымдар 5.2.3 Сақтау ұйымдары 5.2.4 Қызметкерлерге арналған ұйымдар 5.2.5 Сынамаларды жинау ұйымдары
6.4 Өндірістік орта	5.2.6 Үй-жайларға техникалық қызмет көрсету және өндірістік ортаның шарттары
7. Өнімнің өмірлік циклі үдерістері	
7.1 Өнімнің өмірлік циклі үдерістерін жоспарлау	4.4 Қызмет көрсету туралы келісім-шарттар 4.7 Ақыл-кеңес қызметтері
7.2Тұтынушылармен байланысты үдерістер	
7.2.1 Өнімге қатысты талаптарды анықтау	4.4.1 Қызмет көрсету туралы келісім-шарт жасасу
7.2.2 Өнімге қатысты талаптарды талдау	4.4.2 Қызмет көрсету келісім-шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу
7.2.3Тұтынушылармен байланыс	

ҚР СТ ISO 15189-2015

7.3 Жобалау және әзірлеу	Сондай-ақ 7.5 қараңыз
7.3.1 Жобалау және әзірлеуді жоспарлау	
7.3.2 Жобалау және әзірлеуге кіріс мәліметтері	
7.3.3 Жобалау және әзірлеуге кіріс мәліметтері	
7.3.4 Жобаны және әзірлемені талдау	
7.3.5 Жобаны және әзірлемені верификациялау	
7.3.6 Жобаны және әзірлемені валидациялау	
7.3.7 Жобаның және әзірлеменің өзгерістерін басқару	
7.4 Сатып алулар	4.6 Сыртқы қызметтер және жеткізулер
7.4.1 Сатып алу үдерісі	4.5 Көмекші зертханалардың зерттеулері 4.5.1 Көмекші (қосалқы мердігер) зертханалар мен кеңесшілерді таңдау және бағалау 4.5.2 Зерттеулердің нәтижелерін ұсыну
7.4.2 Сатып алулар бойынша ақпарат	5.3 Зертханалық жабдық, реагенттер мен шығын материалдары 5.3.1 Жабдықтар 5.3.1.1 Жалпы талаптар 5.3.2 Реагенттер мен шығын материалдары 5.3.2.1 Жалпы талаптар 5.3.2.2 Реагенттер мен шығын материалдарын алу және сақтау
7.4.3 Сатып алынған өнімді верификациялау	5.3.1.2 Жабдықтың жарамдылығын тексеру 5.3.2.3 Реагенттер мен шығын материалдары. Қабылдау сынағы
7.5 Өндіріс және қызмет көрсету	5.4 Сараптама алдындағы рәсімдер 5.5 Сараптамалық үрдістер 5.7 Сараптаудан кейінгі рәсімдер 5.8 Нәтижелер туралы есеп 5.9 Нәтижелерді беру
7.5.1 Өндіріс және қызмет көрсетуді басқару	
7.5. Өндіріс және қызмет көрсету үдерістерін валидациялау	5.5.1 Зерттеу рәсімдерін таңдау, тексеру және валидациялау 5.5.1.2 Зерттеу рәсімін верификациялау 5.5.1.3 Зерттеу рәсімін валидациялау 5.5.1.4 Өлшенген мөлшерлердің мағыналарын өлшеудің белгісіздігі
7.5.3 Сәйкестендіру және бақыланушылық	5.4.6 Сынамаларды алу
7.5.4 Тұтынушының меншігі	5.7.2 Клиникалық сынамаларды сақтау және кәдеге жарату
7.5.5 Өнімнің сәйкестігін сақтау	5.10 Зертханалық ақпараттарды басқару
7.6 Бақылау мен өлшеуге арналған жабдықтарды басқару	5.3.1.3 Жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар 5.3.1.4 Жабдықты калибрлеу және

ҚР СТ ISO 15189-2015

	метрологиялық бақылау 5.3.1.5 Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу 5.3.1.6 Жабдықты пайдалану кезіндегі қолайсыз оқиғалар туралы есеп 5.3.2.5 Реагенттер мен шығын материалдарын қолдану жөніндегі нұсқаулық. 5.3.2.6 Реагенттер мен шығын материалдарды пайдалану кезіндегі қолайсыз оқиғалар туралы есеп
8. Өлшеу, талдау және жақсарту	4.14 Бағалау және аудиттер
8.1 Жалпы талаптар	4.14.1 Жалпы талаптар
8.2 Бақылау және өлшеу	
8.2.1Тұтынушылардың қанағаттануы	4.8 Шағымдарды (наразылықтарды) қарастыру 4.14.3 Пайдаланушылардың кері байланысынбағалау 4.14.4 Қызметкерлердің ұсыныстары
8.2.2 Ішкі аудит (тексерулер)	4.14.5 Ішкі аудит
8.2.3 Үдерістерді бақылау және өлшеу	4.14.2 Өтінімдерді, рәсімдердің сәйкестігін және сынамаларға қойылатын талаптарды ауық-ауық тексеру 4.14.6 Тәуекелдерді басқару 4.14.7 Сапа көрсеткіштері 4.14.8 Сыртқы ұйымдармен тексеру 5.6 Зерттеулердің нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету
8.2.4 Өнімді бақылау және өлшеу	
8.3Сәйкес емес өнімдерді басқару	4.9 Сәйкестендіру және сәйкессіздіктерді бақылау 5.9.2 Қайта қарастырылған есептер
8.4 Мәліметтерді талдау	
8.5 Жақсарту	
8.5.1 Үнемі жақсарту	4.12 Үнемі жақсарту
8.5.1 Түзетуші әрекеттер	4.10 Түзетуші әрекеттер
8.5.3 Алдын алушы әрекеттер	4.11 Алдын алушы әрекеттер

А.2 кестесі – ISO/IEC 17025:2005 және осы халықаралық стандарт арасындағы сәйкестік

ISO/IEC 17025:2005	ISO 15189:2012
1. Қолдану саласы	1. Қолдану саласы
2. Нормативтік сілтемелер	2. Нормативтік сілтемелер
3. Терминдер мен анықтамалар	3. Терминдер мен анықтамалар
4. Басқаруға қойылатын талаптар	4. Менеджментке қойылатын талаптар
4.1 Ұйым	4.1 Ұйым және басшылықтың жауапкершілігі
4.2 Менеджмент жүйесі	4.2 Сапа менеджменті жүйесі

ҚР СТ ISO 15189-2015

4.3 Құжаттаманы басқару	4.3 Құжаттаманы басқару
4.4 Өтінімдері, байқау ұсыныстарын және келісім-шарттарды тексеру	4.4 Қызмет көрсету туралы келісім-шарттар
4.5 Қосалқы мердігерлермен зерттеулер жүргізуге және калибрлеуге келісім-шарттар жасасу	4.5 Көмекші (қосалқы мердігер) зертханалардағы зерттеулер
4.6 Қызметтерді және қорларды сатып алу	4.6 Сыртқы қызметте және жеткізулер
4.7 Зертхана қызметтеріне тапсырыс берушілерге қызмет көрсету	4.7 Ақыл-кеңес қызметтері
4.8 Шағымдар	4.8 Шағымдарды (наразылықтарды) қарастыру
4.9 Бекітілген талаптарға сай емес зерттеулер және/немесе калибрлеу бойынша жұмыстарды басқару	4.9 Сәйкессіздіктерді сәйкестендіру және бақылау
4.10 Жақсарту	4.12 Үнемі жақсарту
4.11 Түзетуші әрекеттер	4.10 Түзетуші әрекеттер
4.12 Алдын алушы әрекеттер	4.11 Алдын алушы әрекеттер
4.13 Жазбаларды басқару	4.13 Жазбаларды басқару
4.14 Ішкі аудиттер	4.14 Бағалау және аудит
4.15 менеджментті тексеру	4.15 Басшылық тарапынан талдау
5. Техникалық талаптар	5. Техникалық талаптар
5.1 Жалпы ережелер	
5.2 Қызметкерлер	5.1 Қызметкерлер
5.3 Үй-жай мен қоршаған орта шарттары	5.2 Үй-жай мен қоршаған орта шарттары
5.4 Сынау және калибрлеу әдістері, әдістерді валидациялау	5.5 Сараптамалық үрдістер
5.5 Жабдықтар	5.3 Зертханалық жабдық, реагенттер мен шығын материалдары
5.6 Өлшеулердің бақыланушылығы	5.3.1.4 Жабдықты калибрлеу және метрологиялық бақылау
5.7 Үлгілерді алу	5.4 Зерттеу алдындағы рәсімдер
5.8 Сынаулар мен калибрлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	
5.9 Зерттеулер мен калибрлеу нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету	5.6 Зерттеулердің нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету
5.10 Нәтижелер туралы есеп	5.7 Зерттеуден кейінгі рәсімдер 5.8 Нәтижелер туралы есеп 5.9 Нәтижелерді ұсыну
	5.10 Зертхананың ақпаратын басқару

Б қосымшасы
(ақпараттық)

ISO 15189:2007 және ISO 15189:2012 салыстыру
В.1 кестесі - ISO 15189:2007 және ISO 15189:2012 салыстыру

ISO 15189-2007		ISO 15189:2012	
Алғы сөз		Алғы сөз	
Кіріспе		Кіріспе	
1	Қолдану саласы	1	Қолдану саласы
2	Нормативті сілтемелер	2	Нормативті сілтемелер
3	Терминдер мен анықтамалар	3	Терминдер мен анықтамалар
4	Менеджментке қойылатын талаптар	4	Менеджментке қойылатын талаптар
4.1	Ұйым және менеджмент	4.1	Ұйым және басшылықтың жауапкершілігі
		4.1.1	Ұйым
		4.1.2	Басшылықтың жауапкершілігі
4.2	Сапа менеджменті жүйесі	4.2	Сапа менеджменті жүйесі
		4.2.1	Жалпы талаптар
		4.2.2	Құжаттамаға қойылатын талаптар
4.3	Құжаттаманы басқару	4.3	Құжаттаманы басқару
4.4	Контракттарды тексеру	4.4	Қызмет көрсету туралы келісім-шарттар
		4.4.1	Қызмет көрсету туралы келісім-шарттарды жасасу
		4.4.2	Қызмет көрсету туралы келісім-шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу
4.5	Көмекші зертханалардағы зерттеулер	4.5	Көмекші зертханалардағы зерттеулер
		4.5.1	Көмекші (қосалқы мердігер) зертханалардағы зерттеулер
		4.5.2	Зерттеулердің нәтижелерін ұсыну
4.6	Сыртқы қызметтер және жеткізулер	4.6	Сыртқы қызметтер және жеткізулер
4.7	Ақыл-кеңес қызметтері	4.7	Ақыл-кеңес қызметтері
4.8	Шағымдарды қарастыру	4.8	Шағымдарды (наразылықтарды) қарастыру
4.9	Сәйкессіздіктерді сәйкестендіру және басқару	4.9	Сәйкессіздіктерді сәйкестендіру және басқару
4.10	Түзетуші әрекеттер	4.10	Түзетуші әрекеттер
4.11	Алдын алушы әрекеттер	4.11	Алдын алушы әрекеттер
4.12	Үздіксіз жақсарту	4.12	Үнемі жақсарту
4.13	Жазбаларды басқару	4.13	Жазбаларды басқару

ҚР СТ ISO 15189-2015

4.14	Ішкі аудиттер	4.14	Бағалау және аудиттер
		4.14.1	Жалпы талаптар
		4.14.2	Өтінімдерді, рәсімдердің сәйкестігін және сынамаларға (үлгілерге) қойылатын талаптарды ауық-ауық тексеру
		4.14.3	Тұтынушылардың пікірлерін бағалау
		4.14.4	Қызметкерлердің ұсыныстары
		4.14.5	Ішкі аудит
		4.14.6	Тәуекелдерді басқару
		4.14.7	Сапа көрсеткіштері
		4.14.8	Сыртқы ұйымдармен тексеру
4.15	Менеджментті тексеру	4.15	Басшылық тарапынан талдау
		4.15.1	Жалпы талаптар
		4.15.2	Талдау үшін кіріс мәліметтері
		4.15.3	Басшылық тарапынан талдау бойынша әрекеттер
		4.15.4	Талдау нәтижелері
5	Техникалық талаптар	5	Техникалық талаптар
5.1	Қызметкерлер	5.1	Қызметкерлер
		5.1.1	Жалпы талаптар
		5.1.2	Қызметкерлердің біліктілігі
		5.1.3	Лауазымдық нұсқаулықтар
		5.1.4	Қызметкерлерді ұйымдастыру ортасына енгізу
		5.1.5	Оқыту
		5.1.6	Құзыреттікті бағалау
		5.1.7	Қызметкерлердің жұмысының тиімділігін талдау
		5.1.8	Үздіксіз білімалужәне кәсіби даму
		5.1.9	Қызметкерлер туралы мәліметтер
5.2	Ұйымдар мен қоршаған орта шарттары	5.2	Ұй-жайлар мен қоршаған орта шарттары
		5.2.1	Жалпы талаптар
		5.2.2	Зертханалық және қызметтік ұйымдар
		5.2.3	Сақтау ұйымдары
		5.2.4	Қызметкерлерге арналған ұйымдар
		5.2.5	Сынамаларды жинау

ҚР СТ ISO 15189-2015

			үймараты
		5.2.6	Үй-жайларға техникалық қызмет көрсету және өндірістік ортаның шарттары
5.3	Зертханалық жабдықтар	5.3	Зертханалық жабдық, реагенттер мен шығын материалдары
		5.3.1	Жабдықтар
		5.3.1.1	Жалпы талаптар
		5.3.1.2	Жабдықтың жарамдылығын тексеру
		5.3.1.3	Жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар
		5.3.1.4	Жабдықты калибрлеу және метрологиялық бақылау
		5.3.1.5	Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу
		5.3.1.6	Жабдықты пайдалану кезіндегі қолайсыз оқиғалар туралы есеп
		5.3.1.7	Жабдықтар жөніндегі жазбалар
		5.3.2	Реагенттер мен шығын материалдары
		5.3.2.1	Жалпы ережелер
		5.3.2.2	Реагенттер мен шығын материалдарын алу және сақтау
		5.3.2.3	Реагенттер мен шығын материалдары. Қабылдау сынағы
		5.3.2.4	Реагенттер мен шығын материалдары. Қорларды басқару
		5.3.2.5	Реагенттер мен шығын материалдары. Қолдану жөніндегі нұсқаулық.
		5.3.2.6	Реагенттер мен шығын материалдары – қолайсыз оқиғалар туралы есеп
		5.3.2.7	Реагенттер мен шығын материалдары. Жазбалар
5.4	Сараптама алдындағы рәсімдер	5.4	Сараптама алдындағы рәсімдер
		5.4.1	Жалпы талаптар
		5.4.2	Тұтынушылар мен пациенттерге арналған ақпараттар

ҚР СТ ISO 15189-2015

		5.4.3	Зерттеуге (нұсқаулыққа) арналған өтінім бланкісі
		5.4.4	Бастапқы сынамаларды алу және өндеу
		5.4.4.1	Жалпы талаптар
		5.4.4.2	Сынамаларды алу алдында жүргізілетін жұмыстар жөніндегі нұсқаулық
		5.4.4.3	Сынамаларды жинау жөніндегі нұсқаулық
		5.4.5	Сынамалады тасымалдау
		5.4.6	Сынамаларды алу
		5.4.7	Зерттеу алдындағы жүгіну, дайындық пен сақтау
5.5	Сараптамалық рәсімдер	5.5	Сараптамалық үрдістер
		5.5.1	Зерттеу рәсімдерін таңдау, верификациялау және валидациялау
		5.5.1.2	Зерттеу рәсімдерін верификациялау
		5.5.1.3	Зерттеу рәсімдерін валидациялау
		5.5.1.4	Өлшенген мөлшерлердің мағыналарын өлшеудің белгісіздігі
		5.5.2	Биологиялық референттік аралық және/немесе клиникалық шешім мәні
		5.5.3	Зерттеу рәсімін құжаттау
5.6	Зерттеулердің нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету	5.6	Зерттеулердің нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету
		5.6.1	Жалпы талаптар
		5.6.2	Сапаны бақылау
		5.6.2.2	Бақылау материалдары
		5.6.2.3	Сапаны бақылау мәліметтері
		5.6.3	Зертханааралық салыстырмалы сынақтар
		5.6.3.1	Қатысу
		5.6.3.2	Баламалы амалдар
		5.6.3.3	Зертханааралық салыстырмалы зерттеулердің сынамаларын талдау
		5.6.3.4	Зертханалық зерттеулердің нәтижелерін бағалау
5.7	Зерттеуден кейінгі рәсімдер	5.7	Сараптаудан кейінгі рәсімдер
		5.7.1	Нәтижелерді талдау

ҚР СТ ISO 15189-2015

		5.7.2	Клиникалық сынамаларды сақтау, сақтап қалу және жою
5.8	Нәтижелер туралы есептілік	5.8	Нәтижелер туралы есеп
		5.8.1	Жалпы талаптар
		5.8.2	Есеп атрибуттары
		5.8.3	Есептің мазмұны
		5.9	Нәтижелерді беру
		5.9.1	Жалпы талаптар
		5.9.2	Автоматты таңдау және нәтижелерді хабарлау
		5.9.3	Қайта қарастырылған есептер
А қосымшасы (анықтамалық) Зертханалық ақпараттық жүйелерді қорғау жөнінде ұсыныстар		5.10	Зертханалық ақпаратты басқару
		5.10.1	Жалпы талаптар
		5.10.2	Уәкілеттіктер және жауапкершілік
		5.10.3	Ақпараттық жүйені басқару
А қосымшасы	ISO 9001:2000 ISO/IEC 17025:1999-бен корреляция	А қосымшасы ISO 9001:2008 және ISO/IEC 17025:2005-мен арақатынасы	
В қосымшасы Зертханалық медицинадағы этика		В қосымшасы ISO 15189:2007-бен арақатынасы	
Библиография		Библиография	

Библиография

- [1] ISO Guide 30, Terms and definitions used in connection with reference materials (Стандартты үлгілердің саласында қолданылатын терминдер мен анықтамалар)
- [2] ISO 1087-1, Terminology work — Vocabulary — Part 1: Theory and application (Терминологиялық жұмыс. Сөздік. 1 бөлім. Теория және қолдану)
- [3] ISO 3534-1, Statistics — Vocabulary and symbols — Part 1: General statistical terms and terms used in probability (Статистика. Сөздік және шартты белгілер. 1 бөлім. Жалпы статистикалық терминдер және ықтималдық теориясында қолданылатын терминдер)
- [4] ISO 5725-1, Accuracy (trueness and precision) of measurement methods and results — Part 1: General principles and definitions (Өлшеулердің әдістері мен нәтижелерінің нақтылығы (дұрыстығы және жақындығы). 1 бөлім. Жалпы қағидаттар және анықтамалар)
- [5] ISO 9000:2005, Quality management systems — Fundamentals and vocabulary (Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік)
- [6] ISO 9001:2008, Quality management systems — Requirements (Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар)
- [7] ISO 15190, Medical laboratories — Requirements for safety (Медициналық зертханалар. Талаптар)
- [8] ISO 15194, In vitro diagnostic medical devices — Measurement of quantities in samples of biological origin — Requirements for certified reference materials and the content of supporting documentation (Диагностикаға арналған in vitro медициналық бұйымдары. Биологиялық текті сынамалардағы шамаларды өлшеу. Аттестатталған стандартты үлгілерге және ілеспе құжаттаманың мазмұнына қойылатын талаптар)
- [9] ISO/IEC 17011, Conformity assessment — General requirements for accreditation bodies accrediting conformity assessment bodies (Сәйкестікті бағалау. Сәйкестікті бағалау органдарын аккредиттейтін аккредиттеу жөніндегі органдарға қойылатын жалпы талаптар)
- [10] ISO/IEC 17043:2010, Conformity assessment — General requirements for proficiency testing (Сәйкестікті бағалау. Зертхананың біліктілігін тексеруге қойылатын жалпы талаптар)
- [11] ISO 19011, Guidelines for auditing management systems (Менеджмент жүйелерінің аудиті бойынша басқаратын нұсқаулар)
- [12] ISO/IEC 27001, Information technology — Security techniques — Information security management systems — Requirements (Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдістері мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелері. Талаптар)
- [13] ISO 27799, Health informatics — Information security management in health using ISO/IEC 27002 (Денсаулық сақтаудағы информатика.

- ISO/IEC 27002 стандарты бойынша ақпарат қауіпсіздігінің менеджменті)
- [14] ISO/TS 22367, Medical laboratories — Reduction of error through risk management and continuous improvement (Медициналық зертханалар. Тәуекел менеджменті және үнемі жақсарту арқылы қателерді азайту)
 - [15] ISO 22870:2006, Point-of-care testing (POCT) - Requirements for quality and competence (Пациентті биологиялық зерттеуді медициналық мекеменің бақылауымен жүргізу (POCT). Зертханалардың сапасы мен құзыреттігіне қойылатын талаптар)
 - [16] ISO/IEC 80000 (all parts), Quantities and units (барлық бөлімдері) (Шамалар мен бірліктер)
 - [17] CLSI AUTO08-A: Managing and Validating Laboratory Information Systems; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 2006 (Зертханалардың ақпараттық жүйелерін басқару және бекіту; Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, PA, 2006)
 - [18] CLSI AUTO10-A: Autoverification of Clinical Laboratory Test Results; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 2006 (Медициналық зертханалардың сынақтарының нәтижелерін автоматты верификациялау; Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, PA, 2006)
 - [19] CLSI C03-A4: Preparation and Testing of Reagent Water in the Clinical Laboratory — Fourth Edition; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 2006 (Медициналық зертханаларда зертханалық мақсаттағы суды дайындау және сынау – 4 басылым; Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, PA, 2006)
 - [20] CLSI C24-A3: Statistical Quality Control for Quantitative Measurement Procedures: Principles and Definitions—Third Edition; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA: 2006 (Сандық өлшеу рәсімдері үшін сапаны статистикалық өлшеу: қағидаттар мен анықтамалар – 3 басылым; Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, PA, 2006)
 - [21] CLSI C28-A3: Defining, Establishing, and Verifying Reference Intervals in the Clinical Laboratory — Third Edition; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 2008 (Медициналық зертханаларда үлгілік аралықтарды анықтау, жасау және верификациялау – 3 басылым; Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, PA, 2008)
 - [22] CLSI C54-A: Verification of Comparability of Patient Results within One Health Care System; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 2008 (Бір денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде пациенттер нәтижелерінің салыстырмалылығын верификациялау; Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, PA, 2008)
 - [23] CLSI EP15-A2. User verification of performance for precision and trueness - Second Edition; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 2005 (Нақтылық пен дұрыстық үшін пайдаланушының қызметін верификациялау— 2 басылым; Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, PA, 2005)

ҚР СТ ISO 15189-2015

- [24] CLSI EP17-A: Protocols for Determination of Limits of Detection and Limits of Quantitation; Approved Guideline. CLSI, Wayne PA., 2004 (Анықталу шектері мен мөлшер шектерін анықтау үшін хаттамалар; Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, ПА, 2004)
- [25] CLSI GP02-A5: Laboratory Documents: Development and Control — Fifth Edition; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 2006 (Зертханалық құжаттар: әзірлеу және бақылау – 5 басылым, Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, ПА, 2006)
- [26] CLSI GP09-A: Selecting and Evaluating a Referral Laboratory — Second Edition; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 1998 (Шеттегі зертхананы тандау және бағалау – 2 басылым; Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, ПА, 1998)
- [27] CLSI GP16-A3: Urinalysis— Third Edition; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 2009 (Несепті талдау – 3 басылым, Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, ПА, 2009)
- [28] CLSI GP17-A2: Clinical Laboratory Safety — Second Edition; Approved Guideline. CLSI: Wayne, PA., 2004 (Медициналық зертханалардың қауіпсіздігі– 2 басылым, Бекітілген нұсқаулық. CLSI: Уэйн, ПА, 2004)
